

**ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІК АШЫЛДЫ**

5-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



**ЗЕЙНЕТКЕРІ КЕДЕЙ ЕЛГЕ АЙНАЛМАЙЫҚ**

7-БЕТ | САРАПТАМА



**БОЗОҚ АРУЫНЫҢ ШАШБАУЫ ҚАНДАЙ?**

9-БЕТ | ДӘСТҮР

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Медицина, білім беру, креативті индустрия салаларында жаһандық өзгерістер болып жатыр. Біз бұған қазірдің өзінде куә болып отырмыз. Нақты айтқанда, жасанды интеллекті арқылы біз экономикамызды қарқынды түрде дамытамыз, сондай-ақ елімізде ең үздік инновацияларды қолданамыз. Ол үшін жұмысты түбірінен бастауымыз керек, яғни институционалдық орта қалыптастыру керек.


№91
(4679)
Бейсенбі
1 тамыз
2024 жыл

# ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ELORDA AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ




4

# МЕКТЕПТЕР ҚАТАРЫ АРТАДЫ

Елордада рекордты көлемде мектептер салынып жатыр. Қазіргі уақытта 100 мыңға жуық оқушы орнына арналған 30-дан аса мектептің құрылысы жүргізілуде. Бұл туралы Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек мәлім етті. Жаңа оқу жылы барысында 23 мектептің құрылысы аяқталады.




## ОҚУШЫЛАРҒА КӨМЕК КӨРСЕТІЛЕДІ

Жаңа оқу жылы қарсаңында Астанадағы әлеуметтік осал топтағы отбасыларының балаларына көмек көрсетіледі.

2024-2025 оқу жылына дайындық шеңберінде оқушылардың жекелеген санаттарына киім, аяқ киім, кеңсе керек-жарақтарын сатып алу үшін материалдық және қаржылық көмек көрсету көзделеді.

Жалпыға бірдей білім беру қоры шеңберінде әлеуметтік осал санаттағы 14 500 баланы қамту жоспарланып отыр. 2024-2025 оқу жылында материалдық көмектің мөлшері бір балаға 43 407 теңгені құрайды.

*(Жалғасы 4-бетте)*




## АСТАНАДА ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ ӨТЕДІ

Бүгін елордада шахматтан FIDE World Rapid and Blitz Team Championships жарысы басталады.

Чемпионатқа әлемнің бірнеше дүркін чемпиондары мен ерлер мен әйелдер рейтингінің бірінші нөмірлері Магнус Карлсен мен Хоу Ифань, қазіргі әлем чемпиондары Джу Вэньцзюнь мен Дин Лижэнь келеді.

Жарыс бағдарламасында Магнус Карлсен мен Хоу Ифань FIDE-нің 100 жылдығына арналған 45-шахмат олимпиадасының салтанатты алау эстафетасын тұтатады.

Чемпионаттың ашылуы 1 тамыз күні сағат 18.30-да Тұран көшесі, 2/6 мекенжайындағы Амфитеатрда өтеді.



## ЖАЛҒАН АҚПАРАТҚА СЕНБЕҢІЗ

Алаяқтар «Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» ММ басшысы А.А.Саипов пен «Тұрғын үй қоры» директоры Н.В.Қожахметованың атынан WhatsApp арқылы жалған хабарлама жолдап жатыр, деп хабарлады Elorda.info.

Осыған байланысты мекеме елорда тұрғындарын мұндай хабарламаға сенбеуге шақырды.

«Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» және «Тұрғын үй қоры» кезекті сақтау немесе оны алға жылжыту және баспана алу үшін ақша аудару болмаса кредиттерді жабу туралы талап етпейді. Сондай-ақ азаматтарға кезекте тұрғандардың дербес деректеріне қатысты ешқандай хабарламалар жібермейді.

«Егер өзін тұрғын үй орталығының, тұрғын үй басқармасының немесе Тұрғын үй қорының қызметкерімін деп қоңырау шалса немесе хабарлама жіберсе оған сенбеуге шақырамыз. Кез келген мәліметті Республика даңғылы, 32 мекенжайы бойынша және 8-776-198-29-70 нөмірі бойынша хабарласып, нақтылай аласыздар» делінген хабарламада.

№91 (4679) 01/08/2024 Бейсенбі



# БИЗНЕС-ҚОҒАМДАСТЫҚТЫ ҚОЛДАУДЫ ТАПСЫРДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Астана» халықаралық қаржы орталығының басқарушысы Ренат Бектұровты қабылдады. Президентке орталық басшысы биылғы бірінші жартыжылдықтағы қызметінің негізгі нәтижелерін және алдағы кезеңге жоспарын таныстырды.

Ренат Бектұровтың айтуынша, бүгінде Қаржы орталығы арқылы Қазақстанға 12 миллиард доллардан астам инвестиция тартылған. Бұл 2025 жылға белгіленген мақсатты көрсеткіштен асып түседі. АХҚО құрылған сәттен бастап оның қатысушылары бюджетке 115 миллиард теңге салық төледі. Оның 29,8 миллиард теңгесі осы жылдың бірінші жартыжылдығында түскен. Қаржы орталығына қатысушылар санының артуы мен компаниялар қызметінің жандануы салық түсімдерінің ұлғаюына негізгі себеп болып отыр.

2024 жылдың алғашқы алты айында Орталыққа 500-ден астам компания қосылды. Бұл қатысушылардың жалпы санын 3 мыңға дейін арттыруға және жаңа жұмыс орындарын ашуға айтарлықтай ықпал етті. Биылғы екінші тоқсанның соңындағы есеп бойынша АХҚО юрисдикциясындағы компаниялар 7600-ден астам жұмыс орнын ашты.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа «Астана» халықаралық қаржы орталығының бизнес-қоғамдастықты қолдауға бағытталған шаралары туралы айтылды. Ренат Бектұров биыл маусым айында AIFC Community бастамасы аясында алғашқы іс-шара өткенін хабарлады. Сондай-ақ биыл 5-6 қыркүйекте болатын дәстүрлі Astana Finance Days 2024 шарасына дайындық барысын баяндады.

Президент Қаржы орталығын одан әрі дамыту бағытында бірқатар міндет жүктеді. Атап айтқанда, ел экономикасына инвестиция тарту үшін АХҚО инфрақұрылымын белсенді пайдалана отырып, барлық мемлекеттік орган мен қаржы институттарының күш-жігерін біріктіру қажет екенін атап өтті.



# ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫС, САПАЛЫ ҚЫЗМЕТ КЕРЕК

Еліміздегі жол қауіпсіздігі мәселесі қаралған Үкімет отырысында Премьер-министр Олжас Бектенов автомектептер мен техникалық байқау стансаларының сапасыз жұмысына баса назар аударды.

Автомектептерге қойылатын талаптардың төмендеуі жүргізушілерді даярлау сапасына және көлік жүргізу мәдениетіне теріс әсерін тигізетіні атап өтілді. Бұл ретте Қазір оқу орталықтарын ашу үшін лицензиялар мен рұқсаттар талап етілмейді. Олардың көпшілігінде қажетті материалдық база жоқ. Бүгінгі таңда сапасыз даярлағаны үшін әкімшілік жауапкершілік алынып тасталған. Оқу процесі көбінесе формальды түрде өтеді.

Ішкі істер министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, барлық автомектептерді есепке алу, халықаралық тәжірибені талдап, қажет болған жағдайда жүргізушілерді даярлау және жүргізуші куәліктерін алу тәсілдерін қайта қарау тапсырылды.

Олжас Бектенов автокөліктің техникалық жай-күйі жол қозғалысының қауіпсіздігіне тікелей әсер ететінін баса айтты. Жыл сайын еліміздегі автопарк саны өсіп келеді. Ал автокөліктерді техникалық тексеру сапасыз жүргізіледі. Техникалық қызмет көрсету орталықтары бас пайдасын ғана ойлап, жұмыс істейді.

«Жол үстіндегі қауіпсіздік және адамдардың өмірін сақтау мәселесі жекелеген тұлғалардың мүддесінен биік тұруға тиіс. Көлік министрлігіне көлік құралдарына техникалық тексеру жүргізу сапасын тиімді бақылау тетігін әзірлеуді тапсырамын» деп атап өтті Премьер-министр.

Бұл ретте Олжас Бектенов Үкіметтің, жауапты министрліктердің және барлық уәкілетті мемлекеттік органдардың басты міндеті – жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жол апаты мен өлім-жітімді азайту екенін атап өтті. Ол үшін Премьер-министрдің тапсырмасы бойынша жүйелі іс-шаралар әзірленетін болады.

Қазақстан бойынша жалпы 950 техникалық байқау операторы жұмыс істейді. Осы жылдың 6 айында 1 млн 800 мың көлік құралдары техникалық байқаудан өтсе, 23 мыңнан астамы техникалық жарамсыз болып танылды.

Техникалық байқау жұмыстарын жүргізу фактілерін болдырмау мақсатында Заң жобасы әзірленді, онда техникалық байқау операторларын тиісті рұқсат қағаздарынан айыру және айыппұл мөлшерін 10 АЕК-тен 100 АЕК-ке дейін ұлғайту қарастырылды.

# СОТ – ЗАҢ ҮСТЕМДІГІНІҢ НЕГІЗІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек Мерғалиевті қабылдады. Мемлекет басшысына сот төрелігіндегі өзекті мәселелер мен сот жүйесін одан әрі жаңғырту шаралары туралы мәлімет берілді.

Президентке сот жүйесін цифрландыру және дау тудырмайтын әкімшілік құқық бұзушылық істері бойынша автоматтандыру жұмыстары жүзеге асырылып жатқаны жөнінде баяндалды.

Асламбек Мерғалиевтің айтуынша, азаматтық және әкімшілік істер бойынша татуластыру рәсімдерін қолдану көрсеткіші өсіп келе жатыр.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы сала кадрларының сапасын арттыру, азаматтарды сот арқылы қорғауды күшейту, заң үстемдігін қамтамасыз ету және соттарға деген сенімді арттырудың маңызын атап өтті.



# АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫ ТӨМЕНДЕДІ

Үкіметте Премьер-министрдің орынбасары Серік Жұманғариннің төрағалығымен еліміздегі азық-түлік қоры мен бағаның қазіргі жағдайын талқылаған жиналыс өтті.

Мәселен, өткен аптаның қорытындысына сәйкес, 8 тауар бойынша бағаның төмендеуі байқалды. Атап айтқанда, жұмыртқа – 0,7 пайыз, айран – 0,5 пайыз, сары май және қарақұмық жармасы – 0,4 пайыз, күріш пен ұн – 0,2 пайыз, қант пен макарон өнімі – 0,1 пайыз. Нан, сүт, сүзбе, сиыр еті және тұз бағасының орташа индексі тұрақты.

Сауда және интеграция бірінші вице-министрі Айжан Бижанова жеті өңірде, Алматы, Ақтөбе, Қарағанды, Қызылорда, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облыстарында баға индексі тұрақты болып отырғанын хабарлады. 6 өңірде: Ұлытау – 0,4 пайыз, Шымкент және Павлодар облыстары – 0,2 пайыз, Атырау, Ақмола және Түркістан облыстары 0,1 пайыз төмендеу байқалады.

Маусымаралық кезеңде әлеуметтік көкөністердің бағасын тұрақтандыру мақсатында өңірлерде 137,9 мың тоннаға келісімшарттар жасалды. Аймақтардың басым бөлігі сәбіз бен пиязға, картоп пен қырыққабатқа күзгі-қысқы келісімшартқа отырды.

«Сәбіз бойынша ӘКК келісімшарттары 22,1 мың тоннаны құрайды, бұл ұсынылатын қажеттілік көлемінің 115 пайызы, пияз бойынша – 24,2 мың тоннаны немесе қажеттіліктің 169 пайызы, картоп бойынша – 74,3 мың тоннаны немесе 94 пайызды, қырыққабат бойынша – 17,1 мың тоннаны, 85 пайызды құрайды» деп атап өтті ауыл шаруашылығы вице-министрі Ермек Кенжеханұлы.

Кеңесті қорытындылай келе, Серік Жұманғарин күзгі-қысқы көкөністерге келісімшарттың төмен үлесі байқалатын өңірлерге бағаның өсуіне жол бермеу үшін форвардтық шарттар жасасу жөніндегі жұмысты күшейтуді тапсырды.

# ЗАРДАП ШЕККЕНДЕР ҚАМҚОРЛЫҚСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

Үкімет су тасқынынан зардап шеккен тұрғындарды қолдау және тұрғын үйді қалпына келтіру бойынша жүргізіліп жатқан жұмысты тұрақты бақылауда ұстап отыр.

34 068 отбасына бір реттік 100 АЕК көлемінде өтемақы төленді. Осы мақсаттарға барлығы 12,5 млрд теңгеден астам қаражат жұмсалды. Бағалау аяқталуына қарай жоғалған ең қажетті заттарын сатып алу үшін 150 АЕК-ке дейінгі мөлшерде қосымша төлемдер де жүзеге асырылады. Бүгінгі таңда 21 800 отбасы жалпы сомасы 9,9 млрд теңгеге тиісті өтемақы алды.

Қазіргі уақытта барлық облыста тұрғын үй мен саяжай құрылысын тексеру және бағалау жұмысы толығымен аяқталды.

Су тасқынынан зардап шеккен қазақстандықтарға 4 790 салынған және сатып алынған үй мен пәтер берілді.

Мәселен, 323 жаңа үй салынып, пайдалануға берілді. Солтүстік Қазақстан облысында 235 отбасы, Қостанай облысында – 57, Ақтөбе облысында – 26 және Павлодар облысында 5 отбасы жаңа үйдің кілтін алды. Су тасқынынан зардап шеккен өңірлерде күзге дейін барлығы 2 568 үй салып, тапсыру жоспарланған, жұмыс қарқынды жүргізіліп жатыр.

4 467 отбасы үшін қираған баспанасының орнына жаңа үй мен пәтерлер сатып алынды. Қостанай облысының тұрғындарына 315 тұрғын үй берілсе, Ақмолада – 219, Атырауда – 1372, Ақтөбеде – 447, Солтүстік Қазақстанда – 1102, Батыс Қазақстанда – 1004, Қарағанды – 6 және Павлодарда 2 тұрғын үй берілді.

Комиссия шешімдерінің қорытындысы бойынша жалпы сомасы 48,2 млрд теңгеге 8 717 отбасы тұрғын үйін жөндеуге және қалпына келтіруге өтемақы алды.

Сонымен қатар зардап шеккен бизнеске келтірілген шығынды өтеу бойынша жұмыс жүргізілуде. Өңірлік комиссиялар ШОБ субъектілерінің жалпы сомасы 5,8 млрд теңгеге 374 өтінімін қарап, мақұлдады. Суға кеткен мал үшін берілген мемлекеттік көмек көлемі 2,8 млрд теңгеден асты.

# ОРМАНДЫ ӨРТТЕН ҚОРҒАУ – МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ

Биыл Министрлік орман иеленушілердің өрт қаупі басым маусымға дайындығын бақылауды күшейтті. Бұл туралы Үкімет отырысында экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев мәлімдеді.



Оның айтуынша, көктемде екі рет тексеру жүргізілген, нәтижесінде 124 ұйғарым, 26 әкімшілік хаттама толтырылып, әкімдіктерге ұсыным енгізілді.

«Маусым айында жүргізген бақылау тексерісі орман иеленушілерінің орман өрті туындаған жағдайда жедел әрекет етуге дайын екенін көрсетті. Негізгі ескертулер: ескірген өрт сөндіру техникасы, орман өрт сөндіру стансалары мен мұнаралар санының, сондай-ақ ерте анықтау жүйелерінің жеткіліксіздігі» деп мәлімдеді министр.

Оның айтуынша, мемлекеттік орман күзетінің 12,9 мың және орман өрт сөндіру стансаларының 3,3 мың қызметкерінен 710 өрт сөндіру тобы құрылды және олар өрт қаупі жоғары маусымға дайын.

482 өрт сөндіру машинасы, 228 орман өртін сөндірудің шағын кешені, 1518 трактор, 1307 патрульдік машинасы және 129 ұшқышсыз ұшу аппараты тұрақты кезекшілікке қойылған.

«Орман иеленушілері қолданыстағы 141 мың шақырым минералданған жолақтарға күтім жасап, жаңадан 5,4 мың шақырым белдеу құру жұмыстарын жүргізді, бұл бірінші жартыжылдық жоспарының 97,5 пайызын құрайды. Сонымен қатар «Қазавтожол» акционерлік қоғамы минералданған жолақтарға күтім жасау жұмыстарының тек 60 пайызын жүргізген» деді спикер.

Өз кезегінде Ерлан Нысанбаев, ауыл шаруашылығы құрылымдарына 13 мың ұйғарым мен хабарлама берілгенін, 49,8 мың үнпарақ таратылып, бұқаралық ақпарат құралдарында 1 мыңнан астам мақала жарияланғанын атап өтті.

Оның мәлімдеуінше, мемлекеттік орман күзетінің пәрменімен өрт туындауына кінәлі 13 адам анықталып, олардан 7,5 млн теңге көлемінде әкімшілік айыппұл мен 700 мың теңгеден астам шығын өндіріп алынған.

Қазіргі таңда жанар-жағармай нормасына сәйкес 666 тонна дизель және 620 тонна бензин резерві бар.

«Қабылданған шаралар орман өрті алаңын 2023 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 3 есеге, соның ішінде орманмен көмкерілген жерлерде 5 есеге азайтуға мүмкіндік берді. Республика ормандарында жалпы алаңы 36,2 мың гектарды құрайтын 161 өрт тіркелді, оның 12,4 мың гектары – орманмен көмкерілген жерлер. Бұл ретте, биыл ауқымды өртке ауысу фактілері тіркелмеді» деп атап өтті министр.

Оның айтуынша, әкімдіктерге қарасты ормандарда жалпы алаңы 30,5 мың гектарды құрайтын 71 өрт тіркелген.

Орын алған өрттердің негізгі себептері – дала өртінің мемлекеттік орман қоры аумағына өтуі. Министрлікке қарасты ормандардың жалпы 5,7 мың гектар аумағында 90 өрт, оның 5,6 мың гектары Іле-Балқаш резерваты аумағында тіркелді.

Бұл ретте, өрттің көбі Ертіс өңірінің қарағайлы ормандарында 66 оқиға: Семей орманында – 43, Ертіс орманында 23 оқиға орын алды. Негізгі себеп – найзағай жарқылы. Өрттердің жалпы алаңы 12 гектарды құрайды, ал бір өрттің аумағы 0,2 гектардан аспайды.

Биыл қолданыстағы техниканың 72 пайызға тозғанын ескерсек, орман мекемелерін материалды-техникалық жабдықтауға орман саласы тарихында алғаш рет талап етілген қаржыландыру бөлінді, бұл өрт жиі болатын орман мекемелерінің автопаркін толығымен жаңартуға және 100 пайыз жабдықтауға мүмкіндік береді.

«Орман саласы үшін лизинг және бюджет қаражаты есебінен 47 млрд теңгеге, 428 өрт сөндіру машинасы, 389 шағын орман өртін сөндіру кешенін, 387 трактор мен 104 күзет машинасын сатып алу жоспарланып отыр» деп атап өтті спикер.

Биыл қолданыстағы өртті ерте анықтау жүйесі Төтенше жағдайлар министрлігінің Дағдарысты басқару орталығына қосылды. Алдағы уақытта жүйелерді республика бойынша енгізу кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын болады. 2025 жылға «Семей орманы» резерватында жүйені орнатуға бюджеттік өтінім қолдау тапты.

Келтірілген ақпаратқа сүйенсек, биылғы 1 шілдеден бастап орман өрті станцияларының қызметкерлеріне лауазымдық жалақыдан 100 пайыз көлемінде үстемеақы белгіленген.

Сонымен қатар министр Абай облысында ірі орман өртінің салдарын жою бойынша қабылданып жатқан шараларға тоқталды. Оның мәліметінше, қазіргі таңда резерваттың 33, басқа орман пайдаланушыларының 5 бригадасы өртеңдерді игеру жұмыстарын жүргізіп жатыр. Олардың бірінде харвестер типті өнімділігі жоғары екі кешен бар.

«Биыл лизинг есебінен резерватқа 5 харвестер және 7 ағаш таситын машина сатып алу жоспарланып отыр. Жұмыстар басталғалы бері 39,7 мың текше метр сүрек дайындалды» деп мәлімдеді ол.

Сонымен қатар өртенген аумақтардағы ормандарды қалпына келтіру және орман дақылдарының жерсіну деңгейін арттыру мақсатында «Семей орманы» резерватында жабық тамырлы көшет өсіретін тәлімбақты кеңейту көзделіп отыр.

Ерлан Нысанбаев орман алаңын арттыру еліміздің экологиялық жағдайына қолайлы ықпал ететінін ескере отырып, Үкімет басшысының тапсырмасына сәйкес басқа өңірлерде де утильалым қаражаты есебінен осыған ұқсас тәлімбақ салу пысықталып жатқанын айтты.

Экология және табиғи ресурстар, Төтенше жағдайлар министрлігінің және жергілікті атқарушы органдардың бірлескен жұмысы арқасында бүгінде орман өрттері қылқан ағаштарды ірі аумақтарына таралуына жол берілмеді.

«Көптеген өңірлерде жауыншашын деңгейінің жоғары болуына байланысты шөптің қалың өсуі байқалуда, бұл күз мезгілінде республика ормандарының өрт қауіпсіздігіне ықпал ететін болады. Осыған байланысты диқаншылардың күзгі егін жинау және шөп шабу жұмыстарына облыс әкімдіктері бақылауды күшейту қажет» деді министр.

# ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАЛАЙ АРТТЫРАМЫЗ?

Үкімет отырысы барысында жолдардағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету, көлік инфрақұрылымының жай-күйі және жол-жөндеу жұмыстары туралы ҚР көлік министрі Марат Қарабаев баяндама жасады.

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің 2024-2028 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес, биыл жалпы жол жөндеу жұмыстары 12 мың шақырымды қамтыды, оның 7 мың шақырымында жұмыс толық аяқталады. Аталған жұмыстар Алматы – Қарағанды, Талдықорған – Өскемен, Ақтөбе – Атырау – Астрахан және Мерке – Бурылбайтал сияқты маңызды учаскелерден тұрады. Нәтижесінде осы жолдар I және II техникалық санатқа ауыстырылып, жол қауіпсіздігін арттыруға мүмкіндік береді.




«Республикалық жолдарда қауіпсіз қозғалысты қамтамасыз ету мақсатында, 3 200 шақырым жол 4 жолақты қозғалысқа ауыстырылды, 5 мың шаршы метрден астам арнайы жолақтар, 630-ға жуық жарықты қамтамасыз ететін жол белгілері мен 1 230 жол буферлері орнатылған. Жаяу жүргіншілердің қатысуымен көлік оқиғаларын болдырмау үшін қалалар мен елді мекендері айналып өтетін 52 айналма жол және 32 жаяу жүргіншілер көпірі салынды» деп мәлімдеді Марат Қарабаев.

Оның айтуынша, жануарлардың жолға шығуын алдын алу үшін 1 500 шақырым қоршау мен 319 мал айдау өткелдері қамтамасыз етілген.

Жол салу талаптары қайта қаралып, қазір барлық жаңа жобаларды қайта жаңарту жұмыстары 2 кезеңге бөлінген:

Бірінші кезең – қолданыстағы жолдың жанынан жаңа жол салу.

Екінші кезең – қолданыстағы жолды жөндеу.

Екі жолдың арақашықтығы 50 метрден астам болуы тиіс. Яғни, құрылыс кезінде айналма жол салу қажеттілігі болмайды.

Құрылыс жүргізілгенге дейін жобалар бойынша халықаралық стандартқа сәйкес жол қозғалысы қауіпсіздігіне аудит жүргізіледі, бұл өз кезегінде апаттық қауіпті учаскелерді анықтауға және шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

«Көліктердің жылдамдығын бақылау бойынша да жұмыстар тұрақты атқарылуда, өткен жылы ақылы жолдардағы камералар ЕРАП жүйесімен интеграцияланды. Бұл жылдамдықты асыру бойынша айыппұлдардың автоматты түрде салынуына байланысты жүргізушілердің жылдамдық режимін бұзу фактілерін азайтады» деді спикер.

Марат Қарабаев жол-көлік оқиғаларының басты себептерінің бірі жылдамдық талаптарын сақтамау екенін, бұл жалпы апаттың 37 пайызын құрайтынын айтты.

Бұл ретте, ақылы жолдарда орнатылған камералардың орташа жылдамдықты есептеуге мүмкіндіктері бар, мысалы, Астана – Бурабай жолында көліктердің орташа жылдамдығы сағатына 140 км екеніне қарамастан, 200 км жылдамдықпен жүріп өткен көліктер тіркелген.

Осыған байланысты, Парламент Сенатында орташа жылдамдық талаптарын қою туралы заң жобасы қаралуда. Заң қазан айында қабылданады.

Жыл соңына дейін 5400 шақырым жолда орташа жылдамдықты анықтайтын камералар іске қосылады. Қазіргі уақытта Бас Прокуратурамен және Ішкі істер министрлігімен бірлесіп, орнатылатын камералардың автоматты түрде айыппұл салу тәсілдері пысықталуда.

«Көлік құралдарының техникалық жай-күйі ерекше назарға алынуда. Бүгінгі күні Қазақстан бойынша жалпы 950 техникалық байқау операторлары жұмыс істейді. Осы жылдың 6 айында 1,8 млн көлік техникалық байқаудан өткен, ал 23 мыңнан астамы техникалық жарамсыз болып танылды» деп түйіндеді сөзін көлік министрі.

# «ӘЛЕУМЕТТІК ӘМИЯН» ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Биылғы 1 қыркүйектен бастап елдің барлық өңірінде «Әлеуметтік әмиян» шеңберінде оқушыларды тегін және жеңілдікпен тамақтандыру бойынша жобаны кеңінен тарату басталады.

Жоба қазақстандықтарға көрсетілетін мемлекеттік қолдау шарасының қолжетімділігі мен ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталады. Пилоттық режимде 2023 жылдың соңынан бері елімізде азаматтардың жекелеген санатын дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, мектептерде тегін және жеңілдікпен тамақтандыру сияқты қызмет іске асуда.

Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету бойынша 43 ұйым қосылды, 30 мың рецепт іске асырылды; мектептерде тегін және жеңілдікпен тамақтандыруға 93 ұйымға 27 мың түскі ас таратылды.

«Әлеуметтік әмиянды» әзірлеушілер аталған пилоттық жобаның сәтті тәжірибесін таратуға ниетті.

«Әлеуметтік әмиян» азаматтардың EGOV қосымшасында мемлекет тарапынан көрсетілетін барлық қолдау құралдары мен шараларын жинақтау арқылы азаматтарға мемлекеттік қолдау шараларын алуды жеңілдету үшін жасалған. Аталған жоба арқылы мемлекеттік көмек алу және оның жүргізілу тарихын қадағалау ыңғайлы. Ваучерлер жекелендірілген түрде жазылады, бұл кез келген заңсыз тіркеулердің мүмкіндігін шектейді. Жыл соңына дейін аталған өнім еліміздің барлық азаматтарына ыстық тамақ пен дәрі-дәрмек бойынша қолжетімді болады деп жоспарланып отыр» деді BTS Digital ЖШС бас директоры Нұртай Әбілғалиев.

Бұдан басқа, «Әлеуметтік әмиян» шеңберінде ақшалай қаражатты монетизациялау, мүгедектігі бар адамдар үшін техникалық оңалту құралдарын сатып алу; халықтың әлеуметтік осал топтарына ӘМАТ тізбесінен азық-түлік сатып алуда атаулы көмек көрсету; әлеуметтік осал санаттағы тұтынушылар үшін тауарлы газға ваучерлер мен ЖКЖМ бағасының өсуін өтеу үшін ваучерлер ұсыну бойынша пилоттық жобаны іске қосу қосымша пысықталуда.

# БАЛАБАҚШАДАҒЫ БІЛІМ САПАСЫ ЖАҚСАРАДЫ

Қазақстанда балабақшаны субсидиялау қағидаты реформалануда. Мектепке дейінгі ұйымдардың шектеулі көлемде мемлекеттік тапсырыс алатын бұрынғы моделінің орнына Indigo ваучерлік қаржыландыруын енгізу ұсынылады.

Жүйе негізінде «ақша баланың соңынан жүреді» тұжырымы жатыр. Бұл тәсіл ата-аналарға балалары үшін ең жақсы балабақшаны таңдауға және көрсетілетін қызметтердің сапасын бақылауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар жаңа қағиданы енгізу балалардың бір бақшадан екіншісіне еркін ауысуын, яғни қаржыландырудың бірге өтуін, мектепке дейінгі мекемелер үшін еңбек шығындарының едәуір қысқаруын және жаңа мекемелердің жүйеге оңай кіруін көздейді.

«Мектепке дейінгі ұйым ашылады, белгіленген тәртіптегі құжаттарды білім бөліміне өткізеді, бұл құжаттар расталғаннан кейін ұйым аталған қаржыландыруға қатыса алады. Балабақшаға ақшаны білім бөлімі емес, бала әкеледі. Осылайша, балабақшалар мемлекеттік субсидиялау нарығына еркін қосылып, өзара бәсекелесе алады» деді «КДС Франчайзинг» ЖМ дамыту жөніндегі директоры Евгений Щербатов.

Бүгінгі таңда цифрлық платформаға 12 өңір қосылды. Олардың тәжірибесін бүкіл елге кеңейту жоспарлануда.

Ваучерлік қаржыландыруды басқаруды мемлекеттік құрылым – «Қаржы орталығы» АҚ жүзеге асырады. Бұл ретте Indigo жүйесі банктер, ұлттық білім беру платформасы және басқа да ведомстволар арасында деректермен алмасуды дербес қамтамасыз етеді.



# ЖАҢА ЖАТАҚХАНА БЕРІЛЕДІ

Жаңа оқу жылында Еуразия ұлттық университеті студенттерді жатақханамен толықтай қамтамасыз етуді жоспарлап отыр. Жаңадан салынып жатқан 4 студенттік үй құрылысына жеке инвестиция тартылған және соның бірі биыл пайдалануға беріледі.

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек, «Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ Басқарма төрағасы-ректор Ерлан Сыдықов бастаған жоғары оқу орнының басшылығы Жұмабаев көшесі мен Кенен Әзірбаев көшелерінің бойындағы жаңадан салынып жатқан студенттік үйлердің құрылыс жұмысымен танысты.

Министр жаңа салынып жатқан студенттік үйдің құрылысымен танысты. Сапар аясында жаңа оқу жылына дайындықты көзбе-көз көру мақсатында құрылыс жұмыстарының сапасы тексеріліп, мердігер компаниялармен кездесу өткізілді.

«Өздеріңізге мәлім, жатақхана жайы әлі күнге күрделі. Біздің министрлік 2022 жылдан бұл мәселені бірден қолға алды. Жыл сайын он мыңнан астам төсек-орындық жатақханалар құрылысын бастап жатырмыз. Былтыр 10 343 төсек-орындық 43 нысан тапсырылса, биыл жылдың соңына дейін 27 нысан өткізілетін болады. 10 500 төсек-орыннан астам негізгі тапшылық екі қалада – Алматы мен Астана қалаларында болып отыр, бірақ келесі жылы Астанада бұл мәселені толықтай шешуге тырысамыз. Міне, 2 700 төсек-орындық жатақхана Еуразия ұлттық университетіне тапсырылып жатыр. Оның 300 және 400 орындық жатақхана құрылысын бірден бастап кеттік. Мың орындық жаңа жатақхана құрылысы келесі жылы енгізіледі. Сондықтан бұл мәселелер біздің министрліктің бақылауында болады» деді Саясат Нұрбек.

ЕҰУ екі жыл ішінде студенттік үйлердің санын көбейтіп, 5 мыңнан астам орынды пайдалануға беруді жоспарлап отыр. Мағжан Жұмабаев көшесінде бой көтеріп жатқан жаңа заманауи жатақханаға университет студенттері биылдың өзінде-ақ қоныстана алады.

– Қазіргі күні мемлекеттік қолдау тетігінің арқасында инвесторлар студенттік үйлердің құрылысына белсенді қызығушылық танытуда. Биыл жаңа оқу жылының алдында жаңа студенттер үйін пайдалануға беруді жоспарлап отырмыз. Осы бағытта біз жатақханаға деген сұранысты жабатын тағы үш студенттік үй салу бойынша белсенді жұмыс істеудеміз, – деді ЕҰУ ректоры Ерлан Сыдықов.

# ТУРИСТЕРГЕ ҚАНДАЙ КӘДЕСЫЙ ҰСЫНАМЫЗ?

Елордада V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының басталуына 40 күн қалды. Ел үшін маңызды оқиғаға дайындық қарқынды жүріп жатыр. Осыған орай келген қонақтарға кәдесый бұйымдарын дайындау үшін өндірушілермен, қолөнершілермен бірге туристерге кәдесыйлар сату орны тағы да талқыланды.

Бұл туралы Астана қалалық мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов әдеттегідей Facebook парақшасында жариялады. Оның айтуынша, кәдесыйлар жасайтын 20 компаниядан 200-ден астам ұсыныс түскен.

– Ұсынылған өнімдердің тізімі әсерлі, негізінен бұл ұлттық құндылықтар көрініс тапқан жинақ. Ойыншықтар, ыдыс-аяқтар, магниткалар, футболкалар, қалпақшалар және тұмарлар бар. Әр павильон бір стильде безендіріледі, ал қонақ үйлерде сатуға арналған арнайы шыны сөрелер орнатылады, – дейді мәслихат төрағасы.



# МЕКТЕП САЛУДАН РЕКОРД

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек Instagram парақшасында алдағы оқу жылында ашылатын мектептер туралы жазды. Ол Астанада рекордты көлемде мектептер салынып, қазіргі уақытта 100 мыңға жуық оқушыға арналған 30-дан астам мектептің құрылысы жүріп жатқанын жеткізді.

Олардың арасында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында Samruk-Kazyna Construction салатын (2024-2025 жылдары) 90 мың оқушы орнына арналған екі ауысымды 24 жайлы мектеп бар.

– Қаланы аралау барысында Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Склярмен бірге оқу жылының басында ашылатын жайлы мектептерге бардық. Бұл 8 мектеп мына мекенжайларда орналасқан: Сарыарқа ауданында Ұлытау мен Наурыз көшелерінің қиылысында, Бейбарыс Сұлтан көшесінде, Нұра ауданында Төле би көшесі мен 24-көшенің қиылысында, Есіл ауданында Қабанбай батыр даңғылы мен Сығанақ көшесінің қиылысында, Нұра ауданында Төле би көшесі, 31 мекенжайында, Мәңгілік ел даңғылы мен Е-497 көшесінің қиылысында, Орынбор көшесі мен №37 көшенің қиылысында, Алматы ауданында А.Байтұрсынов көшесінде, – дейді әкім.

Сондай-ақ оқу жылының басында жоғарыда аталған оқу орындарынан басқа тағы үш мемлекеттік және бір жеке мектеп ашу жоспарланып отыр. Сол сияқты жыл соңына дейін тағы 7 жайлы мектеп, 5 мемлекеттік және 3 жекеменшік мектеп ашу жоспарда бар. Осылайша, жаңа оқу жылы барысында 23 мектептің құрылысы аяқталады.



# ВОЛОНТЕРЛЕР ШТАБЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ

Бас қалада жастардың еріктілер қозғалысын дамыту – Amanat партиясы елордалық филиалының Жол картасының басым бағыттарының бірі. «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының базасында волонтерлік ұйымдар мен қозғалыстарға ресурстық және ақпараттық көмек көрсету үшін «қалалық волонтерлер штабы» фронт-офисі жұмыс істейді.

Осындай жастармен үнемі байланыста болатын Астана қалалық мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов тұрақты негізде 30 волонтерлік ұйыммен және 20 бастамашыл волонтерлік топпен ынтымақтастық және бірлескен қызмет жүргізілетінін айтты.

– Штабта 6200-ден астам белсенді еріктілер жұмыс істейді. Өткен жылы олармен бірге 670-тен астам іс-шара өткізілді. Негізгі жобалар: «BizBirgemiz», «Қауіпсіз қала», «Адреса заботы», «Ардагерлерді ардақтайық», «Taza Alem». Елордалық еріктілер биыл қыркүйек айында елордамызда өтетін V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын өткізуге білек сыбана әрекет етеді, – дейді ол.

# ОҚУШЫЛАРҒА КӨМЕК КӨРСЕТІЛЕДІ

2024-2025 оқу жылына дайындық шеңберінде оқушылардың жекелеген санаттарына киім, аяқ киім, кеңсе керек-жарақтарын сатып алу үшін материалдық және қаржылық көмек көрсету көзделеді. Биыл жалпыға бірдей білім беру қоры шеңберінде әлеуметтік осал санаттағы 14 500 баланы қамту жоспарланып отыр. Бұл туралы елорданың коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихаты барысында Астана қаласы Білім басқармасы басшысының орынбасары Серік Әділбаев мәлімдеді.

Мұндай көмек Астанада 2020 жылдан бастап мемлекеттік қызмет түрінде көрсетіліп келеді. 2024-2025 оқу жылында материалдық көмектің мөлшері бір балаға 43 407 теңгені құрайды.

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 158 бұйрығына өзгерістер енгізілді. Енді білім алушыларға қаржылық және материалдық көмек көрсету мемлекеттік қызмет болып саналады. Мемлекеттік қызметті алу үшін Ережеде көзделген құжаттарды қоса бере отырып, мектепке өтініш беруі қажет, – деді Серік Әділбаев.

Басқарма басшысы орынбасарының айтуынша, АӘК алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балаларға, жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен АӘК алмайтын отбасылардан шыққан балаларға, жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлар нәтижесінде шұғыл көмекті талап ететін отбасылардан шыққан балаларға, сондай-ақ өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасылар және мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардағы оқушыларға осындай көмек көрсетіледі.

Білім басқармасы осы мәселе бойынша білім беру ұйымдарының басшыларымен түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

– 1 тамыздан 30 қыркүйекке дейін аз қамтылған, көпбалалы отбасылар, жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар қатарындағы білім алушыларға «Мектепке жол» республикалық акциясы шеңберінде демеушілік қаражат есебінен керек-жарақтары бар мектеп сөмкелері түрінде көмек көрсетіледі. Барлығы 8 500-ден астам баланы қамту жоспарланып отыр, – деді Серік Әділбаев.

Бұл акцияның мақсаты аз қамтылған, көпбалалы отбасылар, жетім балалар және жаңа оқу жылының басталуына дайындық кезеңінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар қатарындағы білім алушыларға материалдық көмек көрсету және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармауының алдын алу болып саналады.

Егер отбасы аталған санаттарға жататын болса, онда балалардың ата-аналары мектепке барып, растайтын құжаттарды ұсынуы керек. Қазіргі уақытта мектептердің әлеуметтік педагогтары білім алушылардың жаңа жиынтығын ескере отырып, мұқтаж балалардың тізімін қалыптастыруда.

№91 (4679) 01/08/2024 Бейсенбі



# ОРТАЛЫҚ САЯБАҚ АУМАҒЫ ТАЗАРТЫЛДЫ

Астана қаласының Орталық саябағында Funny sport жобасы аясында «Су әлемі» атты іс-шара ұйымдастырылды. Аталған іс-шараның қатысушылары акция соңында аумақты қоқыстан тазартып, «Таза Қазақстан» жобасына қолдау көрсетті.

Елордада өткен іс-шараға жалпы 600-ден астам қатысушы жиналып, 150-200-дей су шашатын ойыншық тегін таратылды.

Жиын соңында жастар мен жасөспірімдер «Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» ауқымды экоакцияны қолдап, Орталық саябақ аумағын қоқыстан тазартты.

– Өткен аптада Астана қаласында «Funny sport» жобасын бастадық. Басты мақсатымыз – тұрғындарды салауатты өмір салтын ұстануға шақыру. Адамдардың барлығы спортпен айналысудың қажеттілігін сезінеді. Алайда ерік-жігер, тәртіп жетісе бермейді. Бүгінгі шарада спорттың қолжетімді, оңай, қызықты екенін көрсеткіміз келді. Су шашу ойыны арқылы әр қатысушы қозғалыста болып, уақыттың қалай өткенін сезбей де қалады. Оның үстіне шарамызға ролик тебуден жастар арасында әлеуметтік желіде өте танымал Диас Абдрахмановты да арнайы шақырдық. Оның келуі де тұрғындарға қосымша мотивация болды, – деді шара ұйымдастырушысы Жәмила Федосова.



Шілденің 20-сы күні елордалық Дене шынықтыру және спорт басқармасының бастамасымен Астанада «Funny sport» спорттық және ойын-сауық іс-шараларының марафоны басталды.

– Осындай ерекше оқиғалар арқылы қаламыздың саябақ, орталықтарымен таныстығымды арттырып жатырмын. Жазда ыстық болғанымен, су шашатын ойыншықпен атысу арқылы бейне бір суға түскендей әсер алдым. Керемет эмоция! Ешкім шетте қалмайды. Сөз жоқ, ұнады, – деді 12 жастағы оқушы Дастан Ілиясов.

Жоба тамыз айының соңына дейін әр аптаның сенбі және жексенбі күндері өтеді.

# 22 ТОННА ҚОҚЫС ШЫҒАРЫЛДЫ

Астанада «Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» ауқымды экологиялық акциясы жалғасып жатыр. «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасы аясында «Жасыл Ел» еңбек жасақтары Сарыарқа ауданындағы «Көктал-2» шағын ауданының аумағынан 22 тоннадан астам қоқыс шығарды.




Биыл «Жасыл ел» еңбек жасақтарының XX еңбек маусымы басталды. Жоба аясында елорда бойынша 4200-ден астам 14 пен 35 жас аралығында жастар жұмыспен қамтамасыз етілді. Олар қаламыздың құрылыс нысандарына, қала маңындағы «жасыл белдеуде», әлеуметтік нысандарды, жалпы білім беретін мекемелер аумағында, қала саябақтарына, көгалдандыру жұмыстарына атсалысты.

Экоакция нәтижесінде Сарыарқа ауданы аумағынан 22 тоннадан астам қоқыс шығарылды. Акция қоқысты жинаумен шектелмейді, сондай-ақ халықтың экомәдениеті мен мінез-құлқын қалыптастыруға, жаңа экологиялық әдеттерді сіңіруге мүмкіндік береді. Осыған орай Астана қаласы жастар саясаты мәселелері басқармасының ұйымдастыруымен Көктал-2 шағын ауданында «Таза дүйсенбі» акциясы өтті. Акцияға 100-ден астам ерікті жас қатысты. Мұндағы басты мақсат – таза қала мәдениетін қалыптастыру.

– Тазалық әр адамның өзінен және айналасын таза ұстаудан басталады. Осыған орай бүгінгі акция аясында жастармызбен бірге қала аумағын тазартып жатырмыз. Осылайша біз өзіміздің қалаға деген махаббатымызды тазалықпен көрсеткіміз келді. Астана – біз үшін жайлы қала. Оның тазалығын, қауіпсіздігін сақтау әрбір тұрғынның парызы болуы керек, – деді «Республикалық студенттік құрылыс және жастар жасақтары қозғалысы» төрағасының орынбасары Асылбек Абдурашитов.

«Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында қаланы санитарлық тазарту, нөсер және арық кәріздерін тазарту, көшелерді, тротуарларды, орамішілік аумақтарды, қоғамдық кеңістіктер мен аулаларды тазалау жұмыстары жалғасуда.



Дайындаған **Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ**

# ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІК АШЫЛДЫ

Байқоңыр ауданының «Өндіріс» тұрғын алабындағы Құрманғазы көшесінде жаңа қоғамдық кеңістік пайда болды.





Аталған кеңістік осыған дейін қараусыз тұрған бос алаң болатын. Бүгінгі күні оның орнына жаңа қоғамдық кеңістік жайластырылып, балалар ойын алаңы ашылды.

Абаттандыру барысында балалар ойын алаңынан бөлек, үлкен спорт алаңы, workout-алаң, демалыс орындықтары жабдықталды. Сонымен қатар, асфальт төселіп, қосымша жарықтандыру жүргізілді.

Қоғамдық кеңістік аумағына қосымша автотұрақ та орналастырылды. Сондай-ақ тұрғындардың қолайлылығы үшін барлық жағдай жасалған.

«Өндіріс» тұрғын алабының тұрғындары көптен күткен қуаныштарымен бөлісті.

– Біздің ескертпелеріміз бен өтініштерімізге құлақ асып, осындай қоғамдық кеңістік керек еді деген тілегімізді көпке созбай жүзеге асырған аудан әкімі Талғат Рахманбердіге, аудан әкімдігінің барлық қызметкерлеріне айтар алғысымыз шексіз. Еңбектеріңіз жемісті болсын. Алда әлі де атқарылатын жұмыс көп. Халық үшін қызмет істесеңіздер, халық сіздерді әрдайым қолдайды. Ендеше, бірлесіп ел игілігі жолында жетістіктерге жете берейік, – деді жергілікті тұрғын Айбек Төрежанұлы.

# ТРИАТЛОН ПАРКІНДЕГІ ЖАТТЫҒУЛАР

Әр жұма сайын елордалық Триатлон саябағында ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін бейімделген дене шынықтыру бойынша сауықтыру жаттығулары өтеді. Сабақтар Триатлон саябағындағы «Арқар» көпірінің астында тегін ұйымдастырылады.

Іс-шараның мақсаты – қарымқатынас пен дене шынықтыруды дамыту үшін қолайлы қоғамдастық құру. Сабақтар буындарды қозғалтып, аздап денені қыздырудан және созылудан басталады. Қатысушылар спорттық жабдықтарды, гимнастикалық жабдықты қолдана отырып, арнайы жаттығулар жасайды.

– Біз қоғамға пайдамызды тигізу үшін тегін жаттығулар ұйымдастырамыз. Бүгінгі сабақтар Олимпиада ойындарының ашылуына орайластырылған, сондықтан қатысушыларға сәттілік тілеймін. Сондай-ақ ерекше қажеттіліктері бар адамдарды ғана емес, барлық ниет білдірушілерді де спортпен шұғылдануға шақырғым келеді, – деді жоба авторы Нариман Секен.

Спорт сабақтарын дене шынықтыру мұғалімі және стритлифтинг бойынша жаттықтырушы Уайыс Сүйеубаев өткізеді.

– 4 жыл бойы біз бұқаралық спортты дамытуға үлес қосып келеміз. Қазір қаланың әр көшесінде спортпен шұғылдануға қолайлы жағдайлар жасалған. Елорда тұрғындары мен қонақтары үшін біз ашық алаңда арнайы тегін сабақтар өткіземіз. Жаттығу кезінде гантельдермен, доппен, гимнастикалық таяқшамен және басқа да жабдықтармен бұлшықеттерді дамытуға бағытталған жаттығулар жасаймыз, – деді жаттықтырушы.

Іс-шараға елорданың барлық тұрғындары мен қонақтары қатыса алады. Жаттығу апта сайын жұма күндері сағат 19:00-ден 20:00-ге дейін Триатлон саябағында («Арқар» көпірінің астында) өтеді. Инклюзивті сабақтар жазғы маусымның соңына дейін жалғасады.

# МӘСЕЛЕНІҢ МАҢЫЗЫНА ҚАРАЙ МӘН БЕРДІ





Зәуре Жүсіпова – қырық жыл білім саласында қызмет еткен тәжірибелі ұстаз. Еңбек жолын Торғай облысы Державинск ауданындағы (қазіргі Ақмола облысы Жарқайың ауданы) Тасөткел орта мектебінен бастап, осы оқу орнының директоры қызметіне дейін көтерілді. Астана қаласындағы №57 орта мектепті, №59, №84 мектеп-лицейлерді басқарды. Қазақстан мәслихаттары құрылған жылы Державинск аудандық мәслихатының, елордаға қоныс аударғаннан кейін Астана қаласы мәслихаты V-VI шақырылымдарының депутаты болды. Қазіргі күнге дейін қоғамдық жұмыстармен белсенді айналысады. Қазақстан мәслихаттарының Құрметті депутаты атағына ие Зәуре Ғинаятқызымен мәслихаттардың 30 жылдық мерейтойына орай әңгімелестік.

– Аудан мен Астана мәслихаттарының жұмысын салыстыру мүмкін емес. Астаналық мәслихат жоғары талғаммен, кәсіби көрегендікпен, үлкен тәжірибемен жұмыс істеп жатыр. Мәслихат депутаттары күнделікті өсу мен өзгеру, нақты іс пен нәтиженің арасында ілгері жұмыстарды атқаруда. Әр депутат беріліп жұмыс істеудің арқасында ортада, қоғамда, елордада ілгерілеу бар. Жалпы мәслихаттың жұмысы, құзыреті, абыройы күннен күнге артып барады. Мәслихатта дамуды айқындайтын бағыттар жасалып жатқанын байқаймын. Шетелдерге барып, сондағы тәжірибемен танысып, елдегі жұмыстарды нәтижелі етудің тетіктерін іздеп жатыр, – дейді Зәуре Жүсіпова.

Зәуре Ғинаятқызы Астана қаласы мәслихатының заңдылық, құқықтық тәртіп және қоғаммен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының мүшесі болды. Оның депутаттық қызметі әлеуметтік саланың дамуына бағытталған еді. Мәслихаттың профильді комиссиясының мүшесі ретінде сан мәрте ішкі істер органдары қызметкерлерінің әлеуметтік жағдайын көтеру мәселесін көтерді. Қазір де Астана қаласы Полиция департаментінің консультативті кеңесші органының мүшесі. Депутат кезінде аз қамтылған және көпбалалы отбасылардың балалары балабақшадан орын алуға қолдау көрсетті.

– Мәслихатта мәселенің маңызына қарай оның нәтижесіне мән бердік. Елорда тұрғындарының, соның ішінде тұрмысы төмен отбасылар мен көпбалалы аналардың мәселелері басты назарда болды. Бұл мәселелерге ерекше жауапкершілікпен қарадық. Көптеген жеке отбасыларға барынша көмек те берілді, демеушілермен бірге баспана, отбасы проблемалары көптеп шешілді. Сол кезде жұмыс орындарда кездесулер өткіздік. Мемлекеттің негізгі әлеуметке арналған бағдарламаларын түсіндіріп, мәдениет пен ұлттық тәрбие туралы әңгіме жүргіздік. Түрлі мамандық иелерімен кездестік. Елордадағы университет студенттері, колледж оқушыларымен жүздесіп, тәрбие, отансүйгіштік, білікті маман болып шығу мәселелерін қозғадық, – дейді Зәуре Жүсіпова.

Мәслихат депутаты болғанда тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелерімен де айналысты. Сол кезде Сарыарқа ауданы әкімдігінің септесуімен аулалардың санитарлық жағдайы жақсартылды, стихиялы тұрақтар мәселесі шешіліп, қала көшелері ажарланды. Қазір қалалық мәслихат депутаттарының бастамасымен жүзеге асып жатқан «Таза Астана» жобасынан да хабардар.

– Астана тазалығы – біздің кезімізден мәслихат депутаттарының басты назарында. Осы мәселеге жауапты мемлекеттік органдар мәслихат отырыстарында есеп беріп отырады. Соның да үлкен септігі тиген болуы керек, бүгіндері тұрғындардың мәдениеті көтеріліп, жақсы жағына өзгерді деп ойлаймын. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, үнемі ақпарат беру, оқып-үйрету, түрлі-түсті форматтағы суреттер арқылы қала тұрғындарының мәдениетін көтеруге болады деп есептеймін, – дейді Зәуре Ғинаятқызы.

Мәслихат депутаты кезінде, бір жағынан ұстаз болғандықтан да шығар, отбасылық құндылықтарды, ұрпақтар сабақтастығын насихаттады. Бұл іспен әлі де белсенді айналысып келе жатыр. Ардагерлер мен зейнеткерлерге үнемі қамқорлық жасайды.

– Қазіргі таңда отбасылық кикілжіңдер, ажырасу, сәбилерді балалар үйіне тапсыру проблемалары көбеюде. Әр жұмыс беруші мекеменің басшысы өз елім, өз жерім, өз жұртым деп қарау керек, қол астындағы қызметкеріне жанашыр болуы қажет. Осы мәселені назарға алу керек деп ойлаймын. Отан отбасынан басталады. Ұлттық тәрбие, ұлттық құндылықтар – өмір сүрудің негізгі заңы. Ұлттық деген ұғымның басында қазақ тілі тұр. Өмірлік тағылым қазақтың өзінің тілі арқылы беріледі. Әр отбасының өмірі өзінің тілінен басталады, – дейді Зәуре Жүсіпова.

Зәуре Ғинаятқызы Астанадағы және тұтастай республикадағы білім стандарттарын жаңартуға белсенді түрде атсалысты. Қазір де білім саласындағы басым бағыттарды ұдайы қаперінде ұстайды. Осы саладағы еңбегі үшін «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісімен марапатталды.

– «Білімді мыңды жығады» дейді. Білім ордаларындағы жұмыс ұлттық құндылықтарға негізделуі шарт. Осының бәрі «Қазақ» деген сөзден басталады. Оқушыларға жерін, желін, суын, тасын сүйіп, өзгенікінен ажырата білуді, қазақ тілін құрметтеуді үйрету баршамызға басты міндет, – дейді ұстаз.

Зәуре Ғинаятқызы елордаға отбасымен бірге осыдан тура отыз жыл бұрын, қала Ақмола кезінде қоныс аударды.

– Астананың қалыптасуы, өркендеуі көз алдымда өтті. Елорданың Алматыдан Астанаға көші, соған байланысты өткен іс-шаралар, әдемі, зәулім ғимараттардың ашылуы бәрі есімде. Сол кезде үлкен таң қалумен қоса қуану, мақтану сезімін бастан кештік. Астана тұрғындары – тарихтың куәгері, елорданың құрылысшылары. Соны өздері де байқамауы мүмкін. Әр тұрғын жаңа астананың өркендеуіне атсалысты деп ойлаймын. Бүгіндері Астана елдің нағыз елордасына, әдемі, көз тартарлық бейнесі бар заманауи қалаға айналды. Астана – елордада тұратын өзге ұлттардың да мақтанышы. Бас қалада ғажап ғимараттар мен көркі көз тартатын тұрғын үй кешендері ғана емес, заманға сай қаншама білім ордалары, мектептер, колледждер, университтеттер салынып, іске қосылды. Қаншама ауруханалар, ғылыми зерттеу орталықтары ашылды. Қазіргі таңда шетелдерден келіп, емдом алып жатқан шетелдіктерді көріп, естіп жатырмыз. Бұл – дәрігерлеріміздің үлкен жетістіктері, кәсіби самғауы. Әдемі аулалар ашылып, балаларға арналған ойын алаңдары жабдықталды. Бұл – үлкен жетістік. Тіпті, Европада Астанадағыдай үйлердің аумағы балаларға ойластырылмаған. Астана даму үстінде. Күннен күнге әлемнің үздік тәжірибелері енгізіліп, тұрғындардың мәдениеті көтерілуде, – дейді Зәуре Жүсіпова.

Дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

# КӨКТАЛДАҒЫ КЕЗДЕСУ

Астана қаласы мәслихатының депутаты Бауыржан Смайылов өзінің сайлау округі бойынша бірқатар кездесулер өткізіп, Көктал-1 және Көктал-2 тұрғын алабы тұрғындарының мәселелерін тыңдады.

Кездесуге Сарыарқа ауданының әкімі Бауыржан Ералы, қалалық Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту, Коммуналдық шаруашылық басқармаларының өкілдері қатысты. Көтерілген мәселелердің қатарында аталмыш тұрғын алаптардағы жол мәселесі болды. Мәселен, Бауыржан Смайылов қалалық мәслихат отырыстарында Көктал-1-дегі Абайдың 150 жылдығы көшесі жолының құрылысын аяқтау мәселесін бірнеше рет көтерді. Оның айтуынша, мердігердің жұмысы өте баяу. Ал Көктал-2-дегі Баршын көшесімен ауыр жүк көліктері көп жүретіндіктен, жол төсемі кей жерлерде сығымдалды.

Жақында қалалық мәслихаттың елорда бюджетін нақтылауға қатысты өткен сессиясында Бауыржан Смайылов Көктал-1 тұрғын алабындағы №41 орта мектепке қосымша ғимарат салуға қаржы бөлу мәселесін көтерді. Кездесуде тұрғындар оның жайын сұрады. Мектеп директорының айтуынша, бүгінгі таңда мердігерлердің бірі ғимаратқа ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізуде. Оқу жылы басталғанға дейін бөлінген қаржыны игеруге тырысады. Бірақ мектептің қосымша ғимаратын салуға тартылған басқа мердігер қазаншұңқыр қазды да жұмысын тоқтатып тастады.

Көктал-1 тұрғын алабының тұрғындарын кәріз мәселесі де толғандырады. Мұндағы 91 көше орталық кәрізге қосылмаған. «Бұл мәселе Amanat партиясының Жол картасына кіреді. Мәслихат отырыстарында бірнеше мәрте көтердім. Бұл мәселені ерекше бақылауда ұстаймын. Жуырда бұл мәселе бойынша қозғалыс басталды» деді Бауыржан Смайылов.



Қалалық Коммуналдық шаруашылық басқармасы өкілінің айтуынша, жаңа мердігер анықталып, жобалау жұмыстары жүргізілуде. Бұл жұмыстар 2025 жылдың басында аяқталып, тұрмыстық кәрізді орнату 2025-26 жылдары жүргізіледі. Кездесу барысында бағдаршамдар мен қалалық қоғамдық көлік қозғалысы бойынша сұрақтар келіп түсті. Аудан әкімі бұл мәселелерді бақылауға алды.

Үкімет таяуда БЖЗҚ салымшыларына мерзімінен бұрын жинақты алуға тыйым салу немесе сол күйінде қалдыру мәселесін түпкілікті шешеді. Осы ретте Еңбекмині адамдардың көбі қартайғанда дымсыз қала ма деген алаңдаушылығын білдіргені де бар. Мұндай қиындық зейнетақы қоры салымшыларының 90 пайызына келуі мүмкін. Сарапшылардың көбі қамқорлық танытқан түр көрсеткенше Үкіметтің зейнетақы жүйесіне күрделі реформа жүргізетін уақыты баяғыда жетті деп санайды.



**БҮГІНГІ ТАҢДА БЖЗҚ-НЫҢ «БАС САҚИНАСЫ» – ЖИНАҚТАУ ЖҮЙЕСІНЕ ҚАТЫСПАЙТЫН 1,9 МЛН АДАМ. ҚАРТАЙҒАНДА ОЛАР ТЕК БАЗАЛЫҚ КӨЛЕМДЕГІ ЗЕЙНЕТАҚЫНЫ ҒАНА АЛАДЫ. ОНЫҢ КӨЛЕМІ ҚАЗІРГІ ТАҢДА 42 761 ТЕҢГЕНІ ҚҰРАП ОТЫР**

# ЗЕЙНЕТКЕРІ КЕДЕЙ ЕЛГЕ АЙНАЛМАЙЫҚ

Райхан РАХМЕТОВА

Белгілі экономист Мақсат Халық зейнетақы жинағын қолдануға мүмкіндік беруді дұрыс қадам деп санайды. Алайда оны жүзеге асыруда тиісті органдар дұрыс жұмыс жүргізе алмай отыр. Мәселен, ол зейнетақы жинағын алудағы жеткіліктілік шегі көлемін арттырудың қате шешім болғанын алға тартты.

– Жалпы, идея дұрыс. Бірақ қордан қаржысын шешіп ала алғандар - табысы жоғары азаматтар болды. Ал қарапайым халық бұған ешқандай қол жеткізе алған жоқ. Сондықтан қордан жинақты шығарып алуға қарсы жүріп жатқан дәл қазіргі саясат дұрыс емес, қайта керісінше, жеткіліктілік шегін төмендету керек деп есептеймін. Сонда ғана қарапайым халыққа керекті қаржы жинау қолайлы болып, олар қорға көбірек ақша аударуға ынталы болар еді. Сол ынтаны арттыру жұмыстарын қазіргі жауапты шенділер орындай алмай отыр. Жеткіліктік шегін көтерудегі сылтаудың бәрін «ең төменгі жалақыны 40 пайызға өсірдік, тағы да өсіруіміз керек» дегенге әкелді. Бұл – ешқандай экономикалық негізі жоқ сылтау. Жеткіліктілік шегін көтереміз деп бірінші рет айтылған кезде азаматтардың біразы, әсіресе депутаттар шулап кетті. Сонда неге шулағанын артынан сараптап қарасақ, сол депутаттардың көбі қордағы ақшасын шығарып үлгермеген екен. Сосын Қаржы министрлігіндегі жауапты адамды жазалап, жұмыстан шығарды да, жеткіліктік шегін ұлғайтуды күзден келесі көктемге шегерді. Сөйтіп көктемге дейін әлгі депутаттар да, қалғандары да ақшаларын шешіп алды. Соңында ақыры жеткіліктілік шегін көтеріп тынды. Содан ол ақшаны алуға деген қарапайым азаматтардың ынтасы түсіп кетті, – деп сараптайды экономист.

Расында соңғы рет шегін көтергеннен кейінгі мөлшерді қарасаңыз, оны 20 жастағы жастар түгілі, жалақысы төмен орта буын азаматтар да жинай алмайтын деңгейге жетті. Ал қаражатты қазір пайдалануға қарсылардың пікіріне сарапшының айтар уәжі мынадай:

– Әлемдік тәжірибеге қарасақ, шегінен асқан қаражатты азаматтар қажеттілігіне қарай әртүрлі мақсатына пайдаланады, содан қалған зейнетақысы ол демалысқа шыққан кезде оның өмір сүруіне де, шетелге саяхаттауына да жетеді. Сондықтан негізгі мәселе – зейнетақы жинақтарымызды ұлғайтып, дұрыс инвестициялау керектігі. Ол үшін жауапты органдар аталған бағытта қыруар жұмыстар жүргізуі керек, яғни инвестициялық кіріс үнемі инфляция деңгейінен жоғары болуын қамтамасыз етіп отыру қажет, сол кезде ғана азаматтардың зейнетақы жинақтары құнсызданбайды және қартайған кезінде әжептәуір зейнетақыға қол жеткізеді, – дейді М.Халық.

Экономист Рахым Ошақбаев салымшылардың көбінің зейнет жасына жеткенде лайықты өмір сүретіндей жеткілікті жинағы жоқ екенін, сондықтан бұл салада жүйелі шешімдер қажет екенін айтады. Алайда жақсы табыс табатындардың зейнетақы қаржысына қолжетімділікті шектеу де бұл тығырықтан шығатын жол емес.

– Мен зейнетақы қалдықтарын қолдануға тыйым салуға қарсымын. Зейнетақы жинағының мәні – ол ақшаның сол салымшыға тиесілі екендігінде. Түптеп келгенде, бұл – оның болашаққа деп жинаған жеке қаржысы. Бұл идея авторлары зейнетақыны мерзімінен бұрын шығарып алу арқылы адамдар қартайғанда дымсыз қалады деп алаңдайды. Алайда нақты жағдайға қарасақ, жинағы аз қазақстандықтардың көбі жеткіліктілік шегінің ұлғайтылуына байланысты оны шығарып алу мүмкіндігінен онсыз да айрылып отыр. Екінші жағынан, қалдық ақшасын шығарып алғандардың біразы зейнетақыға зәру де емес. Сондықтан жинақты мерзімінен бұрын алуға рұқсат бермеу жинағы қомақты болып келе жатқандарға әсер етеді. Неге мемлекет сол ақшаны халықтың рұқсатынсыз түрлі жобаларға қалаған уақытында салуы керек, ал соның орнына оның иесіне неге ипотека мәселесін шешіп, өзінің жинағын қажетіне жаратпасқа? Сол себепті бұл шектеу әділетсіз әрі тиімсіз болады, – дейді экономист.

Ал қаржылық талдаушы Андрей Чеботарев болса, зейнетақы жинағының қалдық бөлігін пайдалану идеясына қарсы. Оның пікірінше, бұл идея зейнетақы жүйесінің түп негізін бүлдіреді.

– Мен 2020 жылы-ақ ерте ме, кеш пе, бұл тәжірибе тоқтайтынын болжағанмын. Сондықтан қазір бұл мәселенің көтерілгеніне қуаныштымын. Егер зейнетақы қорындағы ақшаны алуға рұқсат етілсе, бұл зейнетақы жүйесінде саңылау пайда болғызып, сол тесіктен ақша нақты экономикаға ағып кететін болады. Біріншіден, бұл инфляциялық фактор, яғни осы ақшалардың кесірінен баға көтеріле береді. Екіншіден, бұл сол зейнеткерлердің болашаққа деп жинайтын қаржысын азайтады. Әрине, елімізде зейнетақы саясатына, жалпы БЖЗҚ-на деген сенім жоқ екенін түсінемін, алайда солай екен деп ақша тарату – дұрыс шешім емес, ол халықтың сенімін арттырмайды. Зейнетақы тек зейнет демалысы үшін ғана жиналуы керек, – дейді Чеботарев.

Еліміздің зейнетақы жүйесін қалыптастырудың қайнар бастауында тұрған белгілі қаржыгер, «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының басқарма төрағасы Болат Жәмішев те зейнетақы қорынан оның тікелей міндеттерінен тыс жеке мақсатқа қаржы алынғанын құптамады. Өйткені өзге елдердің тәжірибесінде мұның теріс әсер берген тұстары бар.

– Зейнетақы жүйесі ғасырлар бойы жұмысын атқаратын жүйе деп ойлаймын. Бір ұрпақ зейнеткерлікке шығып жатқан кезде, келесі ұрпақ дүние есігін ашып жатады. Осы жаңа ұрпақ үшін зейнетақы жүйесі өз жұмысын жалғастыра береді. Сондықтан да кез келген зейнетақы жүйесіндегі ең маңызды мақсат – лайықты зейнетақы төлемін қамтамасыз етуге икемді болу керек. Бүгінде зейнетақы шоттарында жинақталған ақша зейнетақы төлеу үшін жеткіліксіз. Сондықтан неліктен мұндай шешімнің болғанын әлі де түсінбеймін. Осы жағдайда, жұмыс берушілерден қосымша 5% жарнаны өндіріп алу да – мен үшін нонсенс. Өйткені бір жағынан, салымшыларға жинақ шоттарынан ақшасын алу мүмкіндігі беріледі де, сонымен қатар жұмыс берушілерге қосымша салықтық жүктемені арттырады. Демек, бұл салымшылар шешіп алған қаражаттың есебін өтейді деген үмітпен жасалынған шешім сияқты, – дейді Болат Жәмішев.

**1980 ЖЫЛДАН КЕЙІН ТУҒАНДАРҒА ОРТАҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕНБЕЙДІ. СОНДЫҚТАН ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРДІҢ БОЛАШАҚТАҒЫ БУЫНЫ ТЕК БЖЗҚ-ДА ЖИНАҒАН ЖӘНЕ ЕҢБЕК ӨТІЛІНЕ ҚАРАЙ ЕСЕПТЕЛЕТІН АЗҒАНТАЙ БАЗАЛЫҚ ЗЕЙНЕТАҚЫСЫН ҒАНА АЛАДЫ. МӘСЕЛЕН, ЕГЕР АДАМ РЕСМИ ТҮРДЕ 10 ЖЫЛДАН КЕМ ЖҰМЫС ІСТЕСЕ, ОНДА ОНЫҢ БАЗАЛЫҚ ЗЕЙНЕТАҚЫСЫ ЕҢ ТӨМЕНГІ КҮНКӨРІС МӨЛШЕРІНІҢ 54 ПАЙЫЗЫН ҒАНА ҚҰРАЙДЫ, БҮГІНГІ ТАҢДА БҰЛ – 25 МЫҢ ТЕҢГЕ**

## ҚОРҒА АҚША САЛМАЙТЫН 1,9 МЛН АДАМ БАР

Бүгінгі таңда БЖЗҚ-ның «бас сақинасы» – жинақтау жүйесіне қатыспайтын 1,9 млн адам. Қартайғанда олар тек базалық көлемдегі зейнетақыны ғана алады. Оның көлемі қазіргі таңда 42 761 теңгені құрап отыр.

– Зейнетақы қоры бәрін қойып, бірінші кезекте осы мәселемен айналысуы керек. Қазір бюджеттің үштен бір бөлігі зейнетақы төлеуге жұмсалуда. Бұл өте көп. Елестетіп көріңізші, қазіргі салық төлеушілер зейнеткерлерге зейнетақы төлеуде. Біздің балаларымыз өзіміз жинай алмаған зейнетақыны бізге төлегенін қалайсыз ба? Зейнетақы жинақтау жүйесі барынша әділетті және шынайы: қанша тапсаң сонша зейнетақы аласың. Ұрпағымыз бізге зейнетақы төлеуге міндетті емес, – дейді А.Чеботарев.

Сарапшылар аталған азаматтардың қорға не үшін қаржы салмайтынын ойланып, зерттеу керек деп санайды. Ол азаматтар бүгін салған ақшасының зейнетке шығарда құнсызданып кетуіне алаңдап, одан да қазір пайдаланып қалайын деп санайды. Қордағы ақшасының өзінің қаржысы екенін сезінуі үшін сол қаржыны басқаруға мүмкіндік алуы қажет.

Кейбір қоғам өкілдері зейнетақы жинағын мерзімінен бұрын алуға тыйым салу зейнетақы жүйесінде ештеңе өзгертпейді, себебі бұл мүмкіндікті пайдалана алғандардың көбі оны алып қойды деп санайды.

Қазір БЖЗҚ салымшыларында шығарып алатындай ондай көп ақша жоқ, сондықтан бұл мәселені көтерудің қажеті шамалы. Жинағын пайдаланған көп адамдар тісін түгендеп, басына баспана алып қалды. Бұл Президентіміздің ең оңтайлы шешімдерінің бірі болды. Адамдар бұл ақшаны игілігіне жұмсады, – дейді Мәжілістің III-VII шақырылымдарының депутаты, экономика ғылымдарының докторы Аманжан Жамалов.

## ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДА ҚАЛАЙ ДАМЫДЫ?

Қазақстан егемендік алғаннан кейін Кеңес өкіметінен мұрагерлікке қалған ортақ зейнетақы жүйесі жұмыс істеді. Оның басты қағидасы – қазіргі салық салушылар зейнеткерлерге зейнетақы төлейді. 1990 жылдардың соңында еліміз бюджет кірісінің қысқаруы, гиперинфляциядан тек дағдарысқа ұшырап қана қоймай, жаппай еңбекке қабілетті халықтың кетуінің де теріс әсерін сезінді. Сондықтан билік Бүкіләлемдік банктің ұсынымы бойынша зейнетақы жинақтау жүйесіне қуана-қуана көшті, яғни зейнетақы мөлшері бюджет мүмкіндіктеріне қарай емес, сол адамның өзінің жинағанына қарай болатын жүйеге ауысты. Қазіргі таңда біз өтпелі кезеңде тұрмыз. Бүгінде зейнетақы үш бөліктен құралады: мемлекеттік бюджеттен базалық және ортақ зейнетақы бөлінсе, БЖЗҚ-нан жинақталған сомасы бөлінеді. Алайда ортақ зейнетақы бөлігі 1998 жылға дейін жұмыс істеп бастаған адамдарға ғана беріледі. 1980 жылдан кейін туғандарға ортақ зейнетақы төленбейді. Сондықтан зейнеткерлердің болашақтағы буыны тек БЖЗҚ-да жинаған және еңбек өтіліне қарай есептелетін азғантай базалық зейнетақысын ғана алады. Мәселен, егер адам ресми түрде 10 жылдан кем жұмыс істесе, онда оның базалық зейнетақысы ең төменгі күнкөріс мөлшерінің 54 пайызын ғана құрайды, бүгінгі таңда бұл – 25 мың теңге.

Сарапшылар осы ретте Үкіметтің нақты мәселені тап басып көрмей отырғанына қордың ресми статистикасын келтіре отырып дәлел ұсынады. Жағдайы бар салымшылардың 1 пайызына ғана бұл әсер етсе, қалған 99 пайызына зейнетақы жинағы бақыт әкелмейді. Себебі БЖЗҚ салымшыларының 60 пайызының немесе 6,5 млн қазақстандықтың бар болғаны 1 млн теңге жинағы бар. Тағы бір 25 пайызында – 1-3 млн теңге көлемінде, 11 пайызында 3-5 млн теңге шамасында, 3 пайызында 5-8 млн теңгедей жинағы сақтаулы. Салымшылардың тек 1 пайызы ғана 8 млн теңгеден астамы жинаққа ие. Одан бөлек, 1,9 млн қазақстандық зейнетақы жинақтау жүйесіне мүлдем қатыспайды.

Айта кетсек, мәселен, бір зейнеткер өле-өлгенше айына тым болмаса 200 мың теңге зейнетақы алуы үшін оған 45 млн теңге жинау керек. Ал 63 жасқа дейін 45 млн теңгені жинау үшін 45 жыл жұмыс істей отыра айына 900 мың теңге айлық алу қажет. Сондықтан қазіргі зейнетақы жүйесі нағыз кедей зейнеткерлерді туғызатын жүйе болып отыр. Оның үстіне 2040 жылға таман Қазақстан өте күрделі әлеуметтік дағдарысқа ұшырайтыны да құпия емес.

## ОҢ ШЕШІМІ ҚАЙСЫ?

Еңбекминінің еңбек ресурстары орталығының болжамы бойынша 2050 жылға қарай Қазақстанның халқы 25,5 млн адамға жетеді. Бұл ретте әрбір зейнеткерге 4,8 жұмыс істейтін адамнан келеді. Р.Ошақбаевтың айтуынша, мұндай жағдайда ортақ зейнетақы үлгісі тиімді.

– Бұл сандар мен деректердің бәрі Қазақстанның зейнетақы жүйесіне үкім шығарары сөзсіз, себебі ол қазақстандықтардың көп бөлігін лайықты зейнетақымен қамтамасыз етуге қауқарсыз. Демографиялық болжамдар мен жинақтау компоненттерінің тиімсіздігін есепке ала отырып мен ортақ зейнетақы жүйесіне көшуді ұсынар едім, бұл анағұрлым тұрақты және әділ болар еді, – дейді Р.Ошақбаев.

Сол сияқты Аманжан Жамалов ортақ зейнетақы жүйесін қолдайтынын айтты. 2020 жылы Мәжіліс депутаттары да бірнеше рет Үкіметті сол жүйеге оралуға шақырған. Әлемнің көптеген дамыған елдері әлі күнге осы жүйені зейнетақымен қамтамасыз етудің негізгі түрі ретінде қолданып отыр. Алайда бұл мәселе біздің елде қарастырылмаған күйі қалды. Сондықтан бұдан үміт үзілгендіктен, енді тек қазіргі жүйені жетілдіріп, зейнетақы жинағын елге тиімді түрде беру жолдарын тиісті органдар қарастырса, халықтың болашаққа және жинақтаушы қорға деген сенімі мен үміті артар еді.

# БҰЛ МАҢДАЙДАН СИПАЙТЫН ЗАМАН ЕМЕС...

Адамзат ойшылдары әр заманда «уақыттың да аялдауға уақыты жоқ» деп құдайдың зарын айтқан ғой. Бірақ, сол дәуірдің адамдары бұл ақылды сөзге құлақ асты ма, жоқ па, біз білмейміз. Дәл қазіргі дәуірде уақыт алтыннан да қымбатқа айналады деу бергі жағы ғана. Өйткені бұл нарықтық қарым-қатынастар орнаған заман сіз бен біз ойлағандай емес, маңдайдан сипайтын заман емес екен.



Нарық пен биліктің қол ұстасуы байлықты бөлісудегі теңсіздікке және технократтық-жыртқыштық санаға жол ашып, ескі Қазақстанның таңбалы тарихы болып жазылып қалғанын ұмытуға болмайды, әсте. Жұрт той тараған соң айтатындай, өзіміз дейтіндер үшін де нарық заңы оңаша қалып шай ішетін той-думанның соңы да емес көрінеді.

Уақыттан алатын еншімізді қалай сезініп, қалай қабылдап алдық, қане, бір сәт көз алдымызға елестетіп көрелік енді...

Қазіргі мың құбылған, жоққа жүйрік жетпеген мына заманда бос сенделіп, ерігіп жүрген ешкім жоқ болар, сірә. Еңбек етемін дегендер, қала тіршілігінде, ауылдық жерде екі қолын төрт қыла алмай шаршап жүрген шығар.

Өмір сүру мына зымыраған жүйрік уақытта тіптен оңай емес, күнбағыс қамында қытымыр, қарбалас шақ күннен-күнге қиындап барады. Жаппай қымбатшылық жағадан алып, қос өкпеден қысқан. Енді «ана зат арзандайды екен, мынадай тауарлардың бағасы түседі» деп алдарқатудың жөні бар ма?

Жаңа дәуір, нарық заңы өте қатал, бәсекелестік орта ешкімді мүсіркемейді, атақ-даңқына да пысқырмайды деуші еді, ол айна-қатесіз шындыққа айналды. Тезбе-тез жиналып, бір кәсіп ашып, не жұмыс істеу, өз несібесінен құралақан қалмау – тірлік жасаудың тура жолы. Ешкім қасына кеп жайдан-жай аузына су тамызбайтынын ойлаудың өзі қауіпті.

Ананың көзі жақсы, мынаның өзі жақсы деп елеп, есіркейтін, қоғам арқа сүйейтін бірлі-жарым, қайраткерлігі айқын, жомарттыққа дәулеті бар қайырымды кісілердің қатары жасыратын несі бар, қала мен ауылдарда азайып барады. Бұл да жаңа заманның ырқындағы жөн-жосық, оны да өз талабымен түсінгеніміз абзал. Ендігі біреуге жәрдем беруге міндетті секілді Атымтай жомарттық келмеске кетпес, дегенмен қарайласудың азайып, сирексуіне еш таңданудың қажеті жоқ. Оны біржақты кісәпірлік деп сөкпейік, бірақ қоғам мейірімін нұрландырып тұратын қамқорлық қасиеттерге көлеңке түсіріп, тат бастыратын тоғышарлық, іштарлық кесапаттарға дер кезінде тойтарыс беретін тәрбие кемшін.

Оу, несін айтасыз, ана бір жылдары Алматы қаласының әкімі зиялы қауымның танымал өкілдерін, сан ондаған көрнекті тұлғаларды атақты санаторийге жолдама беріп, демалысына демеушілік жасапты. Ал Алматы облысының әкімшілігі жыл сайын айтулы мерекелерде өңірдің дамуына ерекше үлес қосып, абыройлы қызметімен әйгілі аға-апалардың басын қосып, тарту-таралғысымен қошемет, құрмет көрсетуді дәстүрге айналдырған еді, деп айтылатын разылық әңгімелерді ендігі естисіз бе? Бұл өткен шақта ғана айтылатын әңгіме ме еді?!

Жанашырлық пен мейірімнің бір көрінісін дастарқан мәзірімен, аста-төк ішіп-жеммен өлшеуді емес, адал пейілдің, жақсылық тілейтін ниеттің қадір-қасиетімен жарастырғаннан артық не болмақ, өзі?!

Қай кезде де қоғамдық түсіністік шынайы қарым-қатынастар арқылы қалыптасады. Олай болса, берекеге ат байлайтын ата дәстүр мен кісілікке кепіл болатын ашықтық салты сұйылып барады, жергілікті әкімдердің жалт етіп, жоқ болатын дағдысы ел ішінде «мына әкімге еш нәрсенің де керегі жоқ-ау, облыстан апыл-ғұпыл келіп, кеткенінен не пайда?» деген пікірінен аса қоймайды. Тұсаулы аттай тұрып қалған тірлікке ұқсайды-ау. Ал уақыт өз өзгерістерінен танбайтын секілді.

Ал күнбе-күн көпшілік сезінетіндей қоғамдық оң өзгеріс барлық жерде бірдей емес, кейде пәлендей байқалмайды. Ескі сарын, ауылдарда баяғы әдет, адамдардың мінездері мимырт тірлікке байланған, жүріс-тұрысы былқ-сылқ... Өкімет өлтірмейді, өкімет жарылқайды деген түсініктен қол үзіп кете қоймады. Екінің бірінің айтатыны:

– Енді, не істейміз, үйде тынығып жатырмыз...

– Әрбір ертеңге қалдырған істің өкіндірері бар емес пе?

– Ертең дейсіз бе? Қайдағы... Тойға баратын шығармыз ертең.

– Ерсілі-қарсылы тойдан шаршау болмай ма?

– Қой-ей, ұйқымыз қанып, тойға барғанның несі жаман?! Содан ажыратпасын... Басқа істейтін еш нәрсе жоқ.

– Ehe, білесіз бе, Шымкент салтанат сарайында 1 мың адам шақырылған той болса, Таразда мейрамхана залына аса құрметті той иесі және бай кісілер өте қымбат джиппен кіреді...

– Не дейді?..

– Кеудесіне нан піскендер мен байлыққа белшесінен батқандар тым есіріп кетті. Ұят, обал-сауап дегенді ұмытты.

– Ашынғандықтан адал ойын дұрыс айта алмаған дейсіз бе? Тойларды несиеге де жасайтын жағдай нені білдіреді? Айта-айта жауыр болған тақырып. Тойынғандық болмас, бірақ ақылдының ісі емес-ау. Түркия мен Қытай елдеріндегідей ұқыптылық пен жинақылық қажет пе екен? Кішігірім дастарқан кеңпейілдікті танытпай ма? Ең жақын достарың мен туысқан бауырларыңның құттықтауын қабылдауға екі сағаттық кеш және шай ішу жетпей ме?

– Бүгінгі ағайынның заманына қарай мінез-құлқы осындай шашылып, ашылып, даңғазалық болып тұрғаны өтірік емес.

– Бәріміз де біртүрлі бейжай қалыптан аса алмай, іштей абыржып, үйді ыбырсытпай, өзімізбен өзіміз әбігерленіп жүргендейміз.

Ел-жұрт, Отан, уақыт, өмір, заман сияқты тіршіліктің шеңберінде, үйлесер-үйлеспестің шексіздігінде қарапайым адамдардың үміті мен сенімі бәрінен де артық сезім, түрлаулы қасиет екені даусыз.

Ұлттық ояну мен ұлттық ортақ мақсатқа ұмтылудың қадірін қалай бағалауды ұқтыратын ой-сана кемшін күйінде. Құ дүние жинау, баю, алдау-арбау, өтірік айту және ел дәулетін тонау секілді пендешілік пен ұрлық-қарлықты құлқынқұмарлықтың пердесі ретінде алға шығарған уақыттың «жемісін» тұтынып отырмыз.

Қаңтар оқиғасынан кейін ұйқымыз шайдай ашылған жоқ па, енді елдің ығырын шығарғаны көп ескі жүйемен ат құйрығын кесісіп, тыныш, айрандай ұйыған елдің бүгіні мен ертеңіне алаңдап, тың сеніммен, бір-бірімізге адал жанашырлықпен, ашық ойларымызбен ілгері жылжу, саяси реформалық қадамдарды қуаттау арқылы жаңа сапалы белеске көтерілу – басты мұратымыз болды емес пе? Ұятымыз да оянды емес пе?

Әділетті Қазақстан құру жолында күрделі мәселелердің күрмеуі заң үстемдігін түбегейлі орнатумен жүргізілуде. Бұл қат-қабат қаталдыққа да тәуелді қарекеттер тоқтаусыз болуы керек. Шексіз билікке жақындығын пайдаланып, арсыздыққа құрылып, бетімен кетушілік, сыбайлас жемқорлық, үркітіп, қорқытып жасаған алаяқтық және ессіз құлқынқұмарлық әрекеттерімен қоғамды аяусыз «қорлағандардың» бірсыпырасы сотталып, жазасын алды. Олардың арасында кімдер жоқ дейсіз ғой! Миығынан күліп жүретін жас мырзалар мен өз түсінігіндегі ханымдар... Түрмеге бірінен соң бірі тоғытылып жатыр. Таңғалатын ештеңесі қалмады, кілең кешегі министр, түрлі деңгейдегі ала-құла бастық, арам кәсіптің иелері, уызына жарымаған ашқарақ шенеуніктер, атынан ат үркетін әйгілі адамдар. Әлі де сол адами қанағат түгілі, шексіз тойымсыздығы жан шошытарлық сол бір шіркіндерге қатысты қылмыстық істерді қарау жалғасуда, үдеріс барысында сотты болған олардың сыбайластық әрекеттерінің бір ұшы ғана жіпке оралған секілді. Зор магнит секілді заңсыз дүниелер мен сыртқа кеткен арам ақшаларды сорып алатын тегеурінді күшті аңсағанымыз тоқсаныншы жылдары бір басқа, әбден абыржығаннан, амал таусылып, жігер жасығаннан айтылса, бұл күндері бұл міндет әділеттілікті орнату үшін ел сенімі мен мемлекеттің саясаты заң үстемдігімен қолға алынып, алғашқы нәтижелеріне қол жеткізуде. Бұл өте жауапты, өте сирек кездесетін әрекеттерге, ерекше тарихи және саяси мәні айрықша меселеге зор үмітпен қарап, оның дұрыстығына бек сенімділік туғызған – бірден-бір халық сұранысы.

> Ұзақ жылдар бойғы әсіремақтаншақтық пен жан беретіндей жағымпаздықтың салдары қандай екенін де сезінетін, бәріміз ұялатын сәттер аз емес. Өзін өзгеден биік санайтын тәкаппар адамдарды тәрбиелеп шығарған қоғамды ешкім де ұнатпайды. Екіншіден, кешеге дейін парақорлық пен жемқорлықтың гүлденуіне бір кісідей ықпалдасып, жол ашып, ішіне қулығын жасырып, тайраңдап жүрген «танымал» егде кісілер аяқ астынан халықшыл болып, шылғи өтірікті ұялмай-қызармай айтып, сұхбат беруі де өткінші өкініш, олар өзі қалаған қоғамда заңды белден басып, шалқып өмір сүргендерін қалай жасырады?

Сол себепті ел мүддесіндегі күрескерлік пен әділеттілікті негіздеген қоғамдық саясат та адалдық тұрғысында бағалануы тиіс. Бұл саяси дамуда жоқ жерден жоғын іздеген емес, көз алдауымен, арам пиғылмен жоғалған халық байлығын заң күшімен, қоғам талабымен, әлеуметтік әділеттілікпен кері қайтарудың халықаралық тәжірибедегі бірден-бір мысалы.

Қазіргі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бұл бағытта ұстанған саяси ерік-жігері мен турашыл тұғыры тарихта өзінің әділетті бағасын алатын болады. Еш уақытта жігі ажырамаған жасампаздықтың қадірін жете білу мен көз жеткізудің артықшылығын енді осы жағдайда сараптап, сезіну өзгеше болары сөзсіз. Ұзақ жылдар бойғы әсіремақтаншақтық пен жан беретіндей жағымпаздықтың салдары қандай екенін де сезінетін, бәріміз ұялатын сәттер аз емес.

Өзін өзгеден биік санайтын тәкаппар адамдарды тәрбиелеп шығарған қоғамды ешкім де ұнатпайды. Екіншіден, кешеге дейін парақорлық пен жемқорлықтың гүлденуіне бір кісідей ықпалдасып, жол ашып, ішіне қулығын жасырып, тайраңдап жүрген «танымал» егде кісілер аяқ астынан халықшыл болып, шылғи өтірікті ұялмай-қызармай айтып, сұхбат беруі де өткінші өкініш, олар өзі қалаған қоғамда заңды белден басып, шалқып өмір сүргендерін қалай жасырады? Қарттықтың жағалауына жақындаған адамдар жас ұрпақты екіұдай көңілге түсірмей, ұры-қары заманның зияндылығын ашып айтып, енді келешектің өрелі жастарын парасаттыққа баулып, олардың «бұл заман – біздікі!» деп айтылар жаңа заманға тілеулестігінің өзінен жауапкершілік күтуге хақымыз бар.

Қоғамдық түсіністіктің өзіне де әділеттілік қажет. Ұлтқа қызмет етуде адалдық таныту тойларда ылғи фонограммамен ән шырқау жағдайындағы көз алдау, ойнақы сезімге еліктеу емес, нағыз кісілік арылудың мәні зор. Өз бағаңды біл де, қалғанын қайтарып бер, демекші.

Бұл жағынан қазір қоғам едәуір жеңілдеп, құндылықтар мен рухани ізгіліктерді көздің қарашығындай сақтау және ешкімге зиянынан басқа абырой әпермейтін қарекеттерден бойын аулақ ұстаудың уақыты сағат тіліндей ілгері жүріп тұр.

Біздің қоғамның бүгінгі көңіл-күйі мен әлеуметтік ахуалы әлі де болса биліктен ірі өзгерістер мен батылдықты күтіп жүргенін жасыруға болмайды.

Ашығын айтсақ, жер-жерде жемқорлық пен парақорлықтың әлі де етек алып, жайылып жатқанына жұрт қайран қалуда әрі қатты наразы. Бір сәт, бір күнде жемқорлықтың тамырына балта шабылып, жойылмайтыны белгілі жайт. Дегенмен, естіген құлақта жазық жоқ, ашық ақпарат көздерінде жиі жазылып жүргеніндей, мәселен, қалалардағы мектепке мұғалім болып жұмысқа орналасуы үшін 1 млн. теңгеге дейін астыртын пара сұрайды дейді. «Бұл қалай, сонда? Мектеп мемлекеттің білім ошағы болса, онда сондай тәртіп болмай ма?» деп және аң-таң адамдар. Бай кісілер ақша пұлын берер, сөйтіп танымалдығымен заңды белден басатын құдірет болып шыға келеді, ал, оған әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы келіңкіремейтін өрімдей жас педагогтар не істейді, ә?! Сенімі жоғалмай ма? Тауы шағылмай ма? Құдды бір «кедейге кепесінің төбесіне шығып тұруы да үлкен мақтаныш» дейтін ескі таптық бөліністі оралтайын деп жүргендер кім?

Жалпы қоғам әдеттегідей бас пайдасын ойламай, жас шамасына қарамастан қара қылды қақ жарып, әділ төрелігін айтуға қабілетті қайраткерлер мен адал, жан дүниесі таза, шынайы мемлекетшіл ірі тұлғаларға зәрулік бар екенін сездіруде.

Дәл осы қалыпта біздің билікте «еститін Үкімет» қағидасы өте керекті мәселе еді. Діттеген темірқазық тәртіп және діңгек іргетасы мықты болуын қаладық. Дұрыс шешімнің қайтарымы да дұрыс болды. Алайда, қайталап айтсақ айыбы бар ма, жоғары жақта халықпен қоян-қолтық болуды ашық және ұдайы ескертіп, айтуын айтып-ақ жатыр ғой, соған қарамастан төменгі жақта кейбіреулер бұрынғы әдетінен қайтпай жүр деген сияқты пікір тіл ұшында тұр. Яғни, қанша жерден кадр ауысып жатса да қолында билігі барлардың тарапынан жемқорлық, тамыр-таныстық, жеңұшынан жалғасу, сыбайластық сияқты лас әрекеттер қоғам дамуы мен ортақ түсіністікке мүлдем кереғар болып, көп залалын келтіріп, зиянын тигізуде. Адам санасын, құлқын, пейілін түзетуде шөп басын сындырмаған жағдай әлі де бар...

Қылмыс пен тәртіп бұзушылыққа төзгісіз ахуалда да кінәрат бар болғаны – тәуір істің оңға баспай, обалына қалғандығына қарай «Қоғамдық бақылау туралы» заң аясында жүйелі жұмыс неге жүргізілмейді? Бұл көптен күткен заң биыл сәуір айында күшіне енгелі бері қандай игі тірлікке заңдық күш бергеніне байланысты қандай да бір мысал келтіре аламыз ба? Елімізде әртүрлі деңгейдегі қоғамдағы кеңестердің пәрменді жұмыстарынан да күтеріміз көп еді, саяси ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктердің де белсенді қызметі есеп беру статистикасы емес, қоғамдық серпіліс пен ықпалдасуға байланысты жанашыр іс-қимыл әрекеттері болуы керек-ақ. Кейде бос сөйлеп, арзан сөзді қарша бораттатындардың қарасы көбейіп кетті.

Біз көп сөз сөйлейтін кезден өттік, көп іс атқаратын заманға жеткеніміз рас болса, ел көзінен тасада қалып, жұртшылықтан жасыра алмайтын өткір әлеуметтік, мемлекеттік талапшылдықты тереңдетуге қатысты мәселелерді дер кезінде реттеп алуымыз керек деп ойлаймыз. Ел бірлігі мен қоғамдық түсіністікке салқынын тигізетін мәселелерде ұсақ-түйек болмайды.

Осыған байланысты өркениет биігінен «Қоғам үні, халық бағасы мен жазасы заңның күшінен әлдеқайда қатал болатыны сөзсіз» деп айтылатын айбарлы сөз жаңа заманның мінез-құлқы болуы тиіс.

Жаңа уақыт, жаңа дәуірдің алға жетелейтін талаптары мен қоғамдық ой-санадағы сілкіністі өзгерістеріне сай болып, оларды тұрақты қолдау әр адамның, әсіресе, әртүрлі деңгейдегі ел басқарушылардың бойында, алып кәсіпорындар мен компаниялардың жұмысында, барлық әлеуметтік салада ашықтық, терең әділеттілік және қатаң тәртіптілік қасиеттердің орнығуымен аса маңызды. Сонда ғана біз құқықтық тәртіп пен құрметке негізделген әрі мәдени құндылықтарымызды қастер тұтатын қоғамды бірге құра аламыз.

Зымыраған уақыт замандарды зерделеп, елеп, екшеп, әлі-ақ зейініңді аша түседі. Жаңару мен жаңғыртудың әрбір ойласқан, оң қадамы бәрімізге ортақ жауапкершіліктерді де жүктейді. Біздіңше, қай істе болмасын ұлттық намыс пен ар-ожданы бәрінен биік тұрып, бір-бірімізге жанашыр жүрекпен қарау – мейлінше қажеттілік.

**Мейрамбек ТӨЛЕПБЕРГЕН,**
**Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері**

# БОЗОҚ АРУЫНЫҢ
# ШАШБАУЫ ҚАНДАЙ?



Сұлтан СЕЙІТ






Астана қаласы Үркер тұрғын алабының солтүстігінде орналасқан «Бозоқ» археологиялық ескерткішінің аумағында «Бозоқ аруының көрікті шашбауы» республикалық этнографиялық фестивалі өтті.

**Шапағат ӘБДІР**

«Родина» агрофирмасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің демеушілігімен өткен бұл фестивальге Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, Мәдениет және ақпарат министрлігінің өкілдері, сондай-ақ, Ерейментау ауданы мен Қосшы қаласының шығармашылық зиялы қауымы, мәдениет қызметкерлерімен қатар, отандық ғалымдар, археологтар, этнографтар, композиторлар, Суретшілер одағының өкілдері, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттер қатысты. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі Айгүл Қапбарова, Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитетінің төрағасы Күміс Сейітова, жазушы, журналист, аудармашы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Шәрбану Бейсенова ашылу салтанатында сөз сөйлеп, ұлттық тәрбие мен тағылым, іс-шараның мәні мен маңызы туралы тоқталды.

– Биыл көрнекті археолог, ұлттық археология мектебінің негізін қалаушылардың бірі Кемел Ақышевтың 100 жылдығын атап өтудеміз. Оның ғылыми еңбектері мен жаңалықтары, әсіресе Бесшатыр қорымындағы патша қорғандарының қазбалары, Есік қорғанындағы «Алтын адамның» табылуы, ежелгі Отырар мен Ұлы Жібек жолының орта ғасырлық қалаларын зерттеуі біздің мәдениетімізге баға жетпес үлес қосты. Ең соңғы ғылыми ашылымы – астанамыздың аумағындағы Бозоқ қалашығы. Осы ескерткіштің бойында «Бозоқ» Ұлттық паркін құру ғалымның ойы болған еді. «Бозоқ» музей-қорығы жыл сайын қазақ халқының бай материалдық емес мәдени мұрасын насихаттау мақсатында этнографиялық іс-шаралар өткізеді. Олардың ішінде астаналықтар үшін ерекше орын алған «атқа мінгізу», «қымызмұрындық», «сірге жияр» сынды дәстүрлі шаралар бар. Бүгін біз «Бозоқ аруының көрікті шашбауы» фестивалін алғаш рет өткізіп отырмыз, оның қала тұрғындары мен қонақтарының сүйікті мерекелерінің біріне айналатынына сенімім мол. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев материалдық және материалдық емес мәдени мұраны зерттеуге және сақтауға үлкен мән береді. Кез келген мемлекеттің құндылықтарының бірі – оның рухани құндылықтары. Әлемдік тәжірибеде мәдени мұра бірқатар маңызды әлеуметтік функцияларды атқарады. Ол халықтың тәрбиесіне, біліміне және өзін-өзі тануына үлкен әсер етеді, тұлғаның патриоттық



және азаматтық қасиеттерінің қалыптасуына ықпал етеді. Мәдени мұра – ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттың рухани байлығы. Отбасында қыздарға ерекше қамқорлық пен сүйіспеншілікпен ұқыпты қарау дәстүрлері қаланған. Қазақ этнографиясы бірегей, ал ұлттық киімдер мен әшекейлер терең мағынаға ие. Бүгінгі таңда ұлттық киімдерді әшекейлермен кию қайтадан танымал болғанына қуаныштымын. Әдемі қазақ қыздары мен әйелдері ұлттық нақыштағы әшекейлерді сатып алып, тапсырыс беріп, сыйға тартып, шаштарына тағып жүреді. Қазақ халқының әрбір зергерлік бұйымы өзіндік мағынаға ие. Олардың әрқайсысы иесінің мәртебесін, мінезін және жасын көрсетеді. Бүгінгі фестиваль – бұл тек дәстүрлердің салтанаты ғана емес, сонымен қатар мәдени мұраны болашақ ұрпаққа сақтау және жеткізу жолындағы маңызды қадам. Бұл оқиға бізді жаңа ашылулар мен жетістіктерге шабыттандырады деп сенемін, – деген Күміс Сейтова аталған іс-шараның мақсаты ортағасырлық Бозоқ қалашығының тарихи-мәдени мұрасын дәріптеу екендігін атап өтті.

Фестиваль аясында қазақтың халық әндері шырқалып, ұлттық аспаптар ұлықталып, көне ғұрыптардың бірі – «Шолпы тағу» көрсетілді. «Бозоқ» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының директоры Сәуле Бурбаева фестивальде шолпының таңдалуын қазақ халқының ежелгі мәдениеті және наным-сенімімен түсіндірді.

– Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінде қыз-келіншектердің шашына сиқырлы күш берілген. Бұл қасиеттерді қорғау үшін шашқа шолпы немесе шашбау әшекейлері тағылған. Шолпы мен шашбау ұлттық әшекейлер ғана емес, сонымен қатар қыздардың есейгенінің белгісі ретінде қолданылған. Көптеген ақындар мен жыршылар өз өлеңдерінде қыздардың сұлулығын және осы әшекейлердің сыңғырлаған үнін мақтады, шабыттанған композиторлар музыка жазды, ал жазушылар өз шығармаларында шашына шолпы тағылған қыздар бейнесінің сүйкімділігін арқау етіп келді. Оның үстіне дәл осы Бозоқ қорымында ортағасырлық жауынгер әйелдің жерленген жері табылды. Әйелдің бойына әдемі жібек көйлек кигізілген, құлағында сырға, мойнында моншақтар ілінген, қолында екі күміс білезік, биік бас киімінің екі жағынан інжу моншақтармен безендірілген әрі әйел толығымен қаруланған (темір қанжар, жарты метрлік ауыр шың). Бұдан біз қазақ тарихында әйел адамның әшекейлерінің құнының қаншалық болғанын біле аламыз және әшекей бұйымдарды жасауға, оны тағуға ұлтымыздың ұстанымы қандай болғанын біле аламыз, – дейді Сәуле Бөкейханқызы.

Ал белгілі жазушы Шәрбану Қонақбайқызы Астананың ежелгі тарихы ғалымдардың ғана емес, көркемөнер зиялы қауым өкілдерінің де назарын аудартқанын, өзі жазған «Бозоқ аруы» туындысының да тууына сол себеп болғанын тілге тиек етіп, қазақ қыздарының қандай болғанын, қалай киінгенін айтып, жастарды ұлттық дәстүрді ұлықтауға шақырды.

Аталған этнографиялық мереке Бозоқ қорымында ашылған «Інжу» атты жауынгер әйелге арналды. Іс-шараға қатысқан зиялы қауым өкілдері оның жауынгерлік рухы жас ұрпаққа мәңгі үлгі екенін айтып тарасты. Әрі болашақ ана, отбасылық ошақтың қамқоршысы, еліміздің патриоты болып өсіп келе жатқан қыздары бар әрбір отбасында қазақ халқының «Шолпы тағу» рәсімі өз жалғасын табуына тілектестік білдірді.





**№91** (4679) 01/08/2024 Бейсенбі

## ДҮЙСЕНБІ
## 5 ТАМЫЗ

**QAZAQSTAN**

6:00 Әнұран
6:05 «Шебер»
6:30 «Інжу-маржан»
7:00 «Ауылдастар»
7:25 «Технократтар талқысы»
8:20 Мультфильмдер («Қазақфильм»)
9:00 «TAŃSHOLPAN».
10:00 АҚПАРАТ
10:10 «Зейнеп». Телехикая.
12:00 «Қызық екен...»
12:45 «ОЛИМПИАДА КҮНДЕЛІГІ»
13:00 АҚПАРАТ
13:10 «Сақшы арыстан». Мультхикая.
13:50 «Замандастар». Телехикая.
14:40 «Тату-тәтті». Реалити шоу
18:00 «ЗЕЙНЕП». Телехикая.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «Жат бауыр». Телехикая.
22:15 «ӨГЕЙ ӨМІР». Телехикая.
23:10 АҚПАРАТ
23:40 «Көңіл толқыны»
0:20 XXXIII Жазғы олимпиада.
2:20 «Сана»
3:25 «Шебер»
3:50 «Інжу-маржан»

5:00 «КІМ МЫҚТЫ?»
6:00 МЕГАХИТ. «ОСТРОВ ПРОКЛЯТЫХ»
8:00 «COVER SHOW»
10:00 «ЭЛВИН И БУРУНДУКИ»
11:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ФАТМАГҮЛ»
13:00 ОЛИМПИАДА.
16:00 «ОЛИМПИАДА КҮНДЕЛІГІ»
16:10 «ОСТРОВ НЕНУЖНЫХ ЛЮДЕЙ»
18:00 ОЛИМПИАДА.
20:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ФАТМАГҮЛ»
22:45 ТЕЛЕХИКАЯ. «КЕЛІНЖАН»
23:55 ОЛИМПИАДА.

**ASTANA TV**

06.00 «Қорғаушы ханым» үнді телехикаясы
06.40 «Жұрттың балалары»
07.10 «Маша и медведь» Мультсериал
09.20 «Алпарслан» түрік телехикаясы
10.20 «Көру керек!»
11.30 «Абай жолы» телехикаясы
12.50 «Қарлығаш күзет агенттігі»
13.50 «Көкжалдар әміршісі» телехикаясы
14.45 «Бесплатный адвокат» телесериал
15.25 «Склифосовский 5» телесериал
16.35 «Хорошие руки» телесериал
17.40 «Весна моего сердца» телесериал
18.50 «Нюхач 2» телесериал
20.00 «Astanatimes»
20.30 «Саке 2» телесериал
21.00 «Алпарслан» түрік телехикаясы
21.55 «Адасқан сезім» үнді телехикаясы
23.25 «Көкжалдар әміршісі» телехикаясы
00.15 «Нюхач 2» телесериал
01.20 «Хорошие руки» телесериал

6:00 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» бағдарламасы
7:00 «П@УТINA» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:05 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»
11:00 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»
11:55 «ПРИНЦ СИБИРИ»
14:00 «НОВОСТИ»
14:15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:25 «KÖREMIZ» бағдарламасы
15:25 «БЕЙКҮНӘ» телехикаясы
16:25 «ДИЕТА № 0».
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 «РОЗЫСК 2»
0:25 «ТРЕЙДЕР»
1:55 «QАЙМАҚ» бағдарламасы
2:50 «П@УТINA» бағдарламасы
3:35 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» бағдарламасы

**КТК**

7:00 ҚР ӘНҰРАНЫ
7:05 «ӘНІМ СЕН ЕДІҢ»
8:05 «ТОҒЖАН», отандық телехикая.
10:15 «ЮМОРИНА», шоу-программа
14:30 «БЫЛО ДЕЛО»
17:10 «ВСКРЫТИЕ ПОКАЖЕТ-2»
19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20:00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21:35 «КАТИНА ЛЮБОВЬ», мелодрама.
1:55 «ВСКРЫТИЕ ПОКАЖЕТ-2»
4:25 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ» (қайталау)
5:10 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
5:35 «ТОҒЖАН», отандық телехикая.

**31**

06:00 Әзіл студио
07:00 Ризамын
07:30 TikTok show
08:00 Time Vine
08:30 Мультсериал «Маша и медведь»
09:30 «Әмірші әйел» телехикаясы
11:00 «Қызыл шербет» телехикаясы
12:00 «Хотя бы в кино 2» (қайталау)
14:20 «Доспехи Бога 2» (қайталау)
17:00 «Говорящие с ветром»
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 «Клюквенный щербет»
22:00 «Снайпер: Наследие»
